

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚР НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

## **ТАС КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ**

---

### **ПРОЕКТИРОВАНИЕ КАМЕННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ОГНЕСТОЙКОСТИ**

**ҚР НТҚ 06-01-2.1-2012  
(ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 әзірленген)  
НТП РК 06-01-2.1-2012  
(к СН РК EN 1996-1-2:2005/2011)**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және  
жер ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	IV
1 Қолдану саласы .....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	2
3 Терминдер мен анықтамалар .....	4
4 Белгілер мен қысқартулар .....	5
5 Негізгі қағидалар және ережелер.....	7
5.1 Өрттің есептік параметрлері .....	7
5.2 Өрт жағдайларындағы тас конструкцияларына қойылатын талаптар .....	17
6 Материалдар .....	20
6.1 Тас элементтер.....	20
6.2 Қалау ерітінділері.....	29
6.3 Тас қалау .....	29
6.4 Толтыруға арналған бетон.....	33
6.5 Қосымша элементтер .....	34
7 Тас материалдардан жасалған қабырғалардың отқа төзімділігін бағалау әдістері .....	36
7.1 Сынақ нәтижелері бойынша бағалау.....	36
7.2 Кестелік ақпарат негізінде бағалау.....	37
7.3 Жеңілдетілген есептеу .....	37
7.4 Есептеудің жалпы әдісі.....	45
8 Отқа төзімділікті ескере отырып тас қабырғаларды құрастыру.....	47
9 Есептеу мысалдары .....	48
9.1 Өрт температурасын анықтау мысалы.....	48
9.2 Тас қалаудың жылу физикалық қасиеттерін анықтау мысалы.....	50
9.3 Қабырға қалыңдығы бойынша температураның бөлінуін есептеу мысалы.....	50
9.4 Қабырғаның минималды қалыңдығын есептеу мысалы .....	51
9.5 Отқа төзімділік шегі бойынша қабырғаны есептеу мысалы.....	51
9.6 Қабырғаның минималды ұзындығын есептеу мысалы .....	52
9.7 Өрт кезінде қабырғаның қалдық қалыңдығын есептеу мысалы .....	52
9.8 Өрт кезінде мұнараның көтергіш қабілетін төмендету дәрежесін есептеу мысалы ....	52
9.9 Өрт кезінде қабырғаның көтергіш қабілетін анықтау мысалы.....	54
9.10 Құрылыс блоктарынан жасалған арақабырғаларды жобалау мысалы .....	56
А қосымшасы (ақпараттық) Тас қабырғалардың отқа төзімділік шегінің кестелік мәндері.....	61
Б қосымшасы (ақпараттық) Өртке қарсы қабырғаларды аралас конструкциялармен қосарландыру.....	100
Библиография .....	116

## **КІРІСПЕ**

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құралда:

– ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 1-5-тарауларында берілген, отқа төзімділікті ескере отырып, тас конструкцияларын жобалаудың қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 2-5- тарауларында мазмұндалған қағидалар мен ережелерді дамытатын ережелер;

– жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 2-5-тарауларының ережелерін қолдануды көрсететін мысалдар келтірілген.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеген кезде ҚР ҚН EN 1996-1-2:2008/2011 ережелерінен басқа:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Ұлттық қосымша ережелері;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылыс жобалау негіздері» тиісті ережелері;

– отқа төзімділікті ескере отырып, тас конструкцияларын жобалау саласында мамандандырылған шетелдік ұйымдардың орындаған зерттеулер мен жобалық шешімдерінің қабылданған нәтижелері ескерілді.

Осы құжатта өрт жағдайларында тас конструкцияларына қойылатын пайдалану талаптары, тас конструкциялары материалдарының сипаттамалары, сонымен қатар өрт әсеріне тас конструкцияларын есептеудің бағалау әдістері келтірілген.

Әзірленген құрал ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 келтірілген талаптарды қолдану жөніндегі тәжірибелік құжат және отқа төзімділікті ескере отырып, тас конструкцияларды есептеу және құрастыру жөніндегі қосымша материал болып табылады.

Осы нормативтік-техникалық құрал инженерлік-техникалық жұмысшыларға, жобалық өнімге тапсырыс берушілерге, оқытушыларға және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Қазақстан Республикасында ерікті түрде нормативті құжат ретінде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**  
**НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**  
**ТАС КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН**  
**ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ КАМЕННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ**  
**ОГНЕСТОЙКОСТИ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Еурокод 6 «Тас конструкцияларын жобалау. 1-2 бөлім. Отқа төзімділікті анықтаудың жалпы ережелері» ережелерін жетілдіру үшін құрастырылған және тас конструкцияларын жобалау кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы нормативтік-техникалық құрал «Тас конструкцияларын жобалау. 1-2 бөлім. Отқа төзімділікті анықтаудың жалпы ережелері» ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 келесі бөлімдерінде келтірілген қағидалар мен ережелерден тұрады және жетілдіреді:

- 1-тарау «Жалпы ережелер»;
- 2-тарау «Негізгі қағидалар мен ережелер»;
- 3-тарау «Материалдар»;
- 4-тарау «Тас материалдардан жасалған қабырғалардың отқа төзімділігін анықтау үшін есептеулерді жүргізу әдістемесі»;
- 5-тарау «Құрастыру».

1.3 ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 келтірілген қағидалар мен ережелер жалпы және арнайы болып бөлінеді.

ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 1-5-тарауларында және осы нормативтік-техникалық құралда келтірілген қағидалар мен ережелер тас конструкциялары және олардың конструктивті элементтері үшін орталық болып табылады. Сонымен қатар құралда ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 жылулық және механикалық әсер ету бөліміндегі негізгі ережелерге қатысты, сонымен қатар тас конструкцияларындағы материалдарға және отқа төзімділікке сынау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдану жөніндегі EN сериясының бір қатар стандарттарына қатысты түсіндірмелер беріледі.

Жалпы қағидалар мен ережелерді толықтыратын тас конструкцияларын жобалаудың арнайы қағидалар мен ережелері:

- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 1,2,3,4,5- тарауларында және көрсетілген тарауларға тиісті құралдарда келтірілген.

1.4 Осы құжаттың мақсаты отқа төзімділік талаптарын ескере отырып, тас конструкцияларын есептеу және жобалауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5 Осы нормативтік-техникалық құрал:

- жобалық құжаттамаға тапсырыс берушілердің (мысалы, тас конструкцияларына қойылатын өртке қарсы талаптарды құрастыру үшін);
- тас конструкцияларын жобалауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тас конструкцияларын жобалау және құрылысы сапасын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тиісті әкімшілік органдардың қолдануы арналған.

1.6 Оларға қойылатын талаптары тиісті нормативтерді әзірленгенге дейін ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 ескерілмеген тас конструкцияларын жобалауды арнайы зерттеулер нәтижелеріне негізделген арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме құжаттардың тек көрсетілген басылымы ғана қолданылады (соның ішінде оның барлық өзгертулерімен бірге):

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-2-бөлімі. Жалпы әсер ету. Конструкцияға өрт кезінде әсер ету.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Тас конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлімі. Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларға арналған жалпы ережелер.

ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Тас конструкцияларды жобалау. 1-2-бөлімі. Өртке төзімділікті анықтаудың жалпы ережелері.

ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 Тас конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Жобалау шешімдері, материалдарды таңдау және тас конструкцияларды жасау.

ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 Тас конструкцияларды жобалау. 3-бөлім. Арматураланбаған тас конструкцияларға арналған есептеудің жеңілдетілген әдістері.

ҚР СТ EN 206-1 Бетон. 1-бөлім. Техникалық талаптар, көрсеткіштер, өндірісі және сәйкестік.

ҚР СТ EN 771-1 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 1-бөлім. Кірпіштер және саз кірпіштер.

ҚР СТ EN 771-2 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 2-бөлім. Силикаты құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-3 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 3-бөлім. Бетоннан жасалған (тығыз және кеуекті толтырғыштарда) құрылыс блоктары

ҚР СТ EN 771-4 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 4-бөлім. Автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-5 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 5-бөлім. Бетонды құрылыс блоктар.

ҚР СТ EN 771-6 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 6-бөлім. Табиғи тастан жасалған блоктар.

ҚР СТ EN 845-1 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 1-бөлім. Қалаудың анкерлік байланыстары, тартқыш қапсырма шегелер, кронштейндер және ұстағыштар.

ҚР СТ EN 845-2 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 2-бөлім. Маңдайшалар.

ҚР СТ EN 845-3 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 3-бөлім. Қалаудың көлденең жігін металл тормен арматуралау.

ҚР СТ EN 998-1 Таспен қалауға арналған құрылыс ерітіндісіне қойылатын талаптар. 1-бөлім. Сылақ жағуға арналған құрылыс ерітіндісі.

ҚР СТ EN 998-2 Таспен қалауға арналған құрылыс ерітіндісіне қойылатын талаптар. 2-бөлім. Қалау ерітіндісі.

ҚР СТ EN 1052-2\* Тас қалауын сынау әдістері. 2-бөлім. Иілу кезінде созылу беріктігін анықтау.

ҚР СТ EN 1052-3\* Тас қалауын сынау әдістері. 3-бөлім. Кесуге, жылжытуға (адгезия) бастапқы беріктікті анықтау.

ҚР СТ EN 1052-4\* Тас қалауын сынау әдістері. 4-бөлім. Ылғалды оқшаулайтын қабат бойынша кесуге (жылжытуға) беріктікті анықтау.

ҚР СТ EN 1052-5\* Тас қалауын сынау әдістері. 5-бөлім. Иілу және созылу кезінде ұстасу беріктігін анықтау.

ҚР СТ EN 1363-2 Отқа төзімділікке сынақтар. 2-бөлім. Балама және қосымша әдістер.

ҚР СТ EN 10080 Темірбетон конструкцияларына арналған арматура. Дәнекерлеу арматурасы. Жалпы ережелер.

EN 772-1\* (Methods of test for masonry units. Determination of compressive strength) Құрылыс блоктарын сынау әдістері. 1-бөлім. Сығумен беріктікті анықтау.

EN 772-13\* (Methods of test for masonry units. Determination of net and gross dry density of masonry units (except for natural stone)) Құрылыс блоктарын сынау әдістері. 13-бөлім. Құрғақ күйінде құрылыс блоктарының көлемдік тығыздығын (жалпы және таза) тығыздығын анықтау (табиғи тастан жасалған блоктардан өзге).

EN 846-2\* (Methods of test for ancillary components for masonry. Determination of bond strength of prefabricated bed joint reinforcement in mortar joints) Тас қалауының қосымша құрамдас бөліктерін сынау әдістері. 2-бөлім. Көлденең жіктерде арматураның ұстасу беріктігін анықтау.

EN 1015-11\* (Methods of test for mortar for masonry. Determination of flexural and compressive strength of hardened mortar) Қалау ерітіндісін сынау әдістері. 11-бөлім. Созуға, иілуге беріктігін және қатайған ерітіндіні сығумен беріктігін анықтау.

EN 1052-1\* (Methods of test for masonry. Determination of compressive strength) тас қалауын сынау әдістері. 1-бөлім. Сығумен беріктікті анықтау.

EN 1363-1\* (Fire resistance tests. General requirements) Отқа төзімділікке сынау. 1-бөлім. Жалпы әдістері.

---

\* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

EN 1364-1\* (Fire resistance tests for non-loadbearing elements. Walls) Көтергіш емес элементтерді отқа төзімділікке сынау. 1-бөлім. Қабырғалар.

EN 1365-1\* (Fire resistance tests for loadbearing elements. Walls) Көтергіш элементтерді отқа төзімділікке сынау. 1-бөлім. Қабырғалар.

EN 1365-4\* (Fire resistance tests for loadbearing elements. Columns) Көтергіш элементтерді отқа төзімділікке сынау. 4-бөлім. Бағаналар.

EN 1366-3\* (Fire resistance tests for service installations. Penetration seals) Пайдаланылатын ішкі инженерлік желілерді отқа төзімділікке сынау. 3-бөлім. Оқшаудың өткізгіштігі.

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1996–1–2:2005/2011 бойынша терминдер, сонымен қатар тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**3.1 Оттан қорғайтын материал** (fire protection material): Конструктивті элементтің отқа төзімділігін жоғарлату мақсатында оған қолданылатын кез келген материалдар немесе олардың үйлесімі.

**3.2 Өртке қарсы қабырға** (fire wall): Соның ішінде шектесетін құрылыс конструкциялары бір жақты құлаған кезде (шекте жағдай М) мүмкін болатын көлденең жүктемелерді ескере отырып, қажетті отқа төзімділікке ие ғимараттың екі бөліктерінің арасындағы қабырға.

**3.3 Көтергіш қабырға** (loadbearing wall): Сығу кернеулеріне ұшырайтын және тік (мысалы, жабудың уақытша жүктемелері), сондай-ақ көлденең (мысалы, жел) жүктемелерді қабылдауға арналған қабырға.

**3.4 Көтергіш емес қабырға** (non-loadbearing wall): Тек өз салмағымен ғана жүктелген және тірегіш қабырғаларды байланыстыру үшін қолданылмайтын қабырға. Ғимараттың көтергіш көлденең жүктемелерін тең дәрежеде қабырғаларға, сондай-ақ үстіңгі жабындарға жіберу үшін қолданылады.

**3.5 Қоршайтын қабырға** (separating wall): Өрттің әсеріне тек бір жағынан ғана ұшырайтын қабырға.

**3.6 Қоршамайтын қабырға** (non-separating wall): Өрттің әсеріне екі және одан да көп жағынан ұшырайтын көтергіш қабырға.

**3.7 Қалыпты температурада есептеу (жобалау)** (normal temperature design): Қоршаған орта температурасында құрылыс конструкцияларын есептеу (жобалау).

**3.8 Конструктивті жүйенің бөлігі** (part of structure): Тиісті шекаралық шарттары және тіреу схемасы бар құралымдық жүйенің жеке бөлігі.



**3.9 Тиімсіз көлденең қима** (ineffective cross-section): Өрттен қорғау үшін тиімсіз болған көлденең қима ауданы.

**3.10 Тиімді көлденең қима** (effective cross-section): Беріктігі мен қаттылығы нөлге тең деп алынатын, көлденең қиманы алып тастау арқылы алынатын өрттен қорғау параметрлерін есептеген кезде қолданылатын конструкциялардың көлденең қимасы.

**3.11 Қалдық көлденең қимасы** (residual cross-section): Тиімсіз көлденең қиманы алып тастау арқылы алынатын құрылыс элементінің бастапқы көлденең қимасының бөлігі.

**3.12 Өрт кезінде қабырғаның бұзылуы** (structural failure of a wall in the fire situation): Белгілі бір уақыт аралығы өткен кезде қабырғаның түсірілген жүктемені қабылдау қабілетінен айырылуы.

**3.13 Кернеудің ең жоғарғы деңгейі** (maximum stress level): Тас қалаудың деформация диаграммасында иілімді сатыға ауысу жүрген кездегі берілген температурадағы кернеу деңгейі.

#### 4 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құралда ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 бойынша белгілеулер, сонымен қатар келесі белгілеулер қолданылды:

*E 30* – 30 минут өрттің стандарты температуралық тәртібіне сәйкес келетін тұтастықты жоғалту бойынша отқа төзімділіктің шегі;

*I 30* – 30 минут өрттің стандарты температуралық тәртібіне сәйкес келетін жылуды оқшаулау қабілетін жоғалту бойынша отқа төзімділіктің шегі;

*M 90* – 90 минут өрттің стандарты температуралық тәртібіне сәйкес келетін соққы жүктемесіне орнықтылықты жоғалту бойынша отқа төзімділіктің шегі;

*R 30* – 30 минут өрттің стандарты температуралық тәртібіне сәйкес келетін көтергіш қабілетін жоғалту бойынша отқа төзімділіктің шегі;

*A* – тас қалаудың жалпы ауданы;

$f_{d,\Theta_1}$  –  $\Theta_1$  (қоса) дейінгі температура кезінде тас қалаудың есептік сығу беріктігі;

$f_{d,\Theta_2}$  –  $\Theta_1$  °C және  $\Theta_2$  °C изотермалары арасындағы тас қалаудың есептік сығу беріктігі;

$h_{ef}$  – қабырғаның тиімді биіктігі;

*l* – 20 °C температурадағы ұзындық;

$l_F$  – отқа төзімділік шегін қамтамасыз етуге арналған қабырғаның минималды ұзындығы;

$N_{Ed}$  – тік жүктеменің есептік мәні;

$N_{Rd,fi,\Theta_2}$  – өрт кезіндегі кедергінің есептік мәні;

$t_F$  – отқа төзімділік шегін қамтамасыз ету үшін қажет қабырғаның минималды қалыңдығы;

$A_m$  – ұзындық бірлігіне құрылыс элементі бетінің ауданы;

$A_p$  – конструкция элементінің бірлік ұзындығына оттан қорғайтын материалдың ішкі бетінің ауданы;

$A_{\Theta_1}$  –  $\Theta_1$  изотермасы бойынша тас қалауы қимасының ауданы;

$A_{\Theta_2}$  –  $\Theta_1$  және  $\Theta_2$  изотермалары арасындағы тас қалауы қимасының ауданы;

$c$  – жоғары температурада созуға сынау нәтижелері бойынша алынатын константа (индекспен бірге);

$c_a$  – тас қалауының жылуусыйымдылық коэффициенті;

$c_t$  – қуысты құрылыс блогынан жасалған сыртқы қабырға және ішкі арақабырғаның жалпы қалыңдығы (құрылыс блогының еніне пайыздық қатынас ретінде беріледі);

$e_{\Delta\Theta}$  – тас қалауы қимасында температураны өлшеген кездегі күтілетін эксцентриситет;

$f_b$  – құрылыс блогының нормативтік беріктігі;

$t_{fi,d}$  – ҚР СТ EN 1363 талаптарына сәйкес келетін өрттің стандартты әсері кезіндегі отқа төзімділік шегі (мысалы, 30 минут);

$t_{Fr}$  – температура  $\Theta_2$  °C аспайтын көлденең қима қалыңдығы;

$\alpha$  – қабырғаның көтергіш қабілетін қолдану коэффициенті;

$\alpha_t$  – тас қалауының жылулық ұлғаю коэффициенті;

$\varepsilon_T$  – температуралық деформация;

$\gamma_{Glo}$  – от сынақтарын жүргізген кездегі қауіпсіздік коэффициенті;

$\Delta t$  – уақыт аралығы;

$\eta_i$  – өрт кезінде есептік жүктемеге арналған азайтушы коэффициент;

$\Theta_1$  – оның деңгейіне дейін тас қалауының беріктігі қалыпты болып қалатын температура;

$\Theta_2$  – оның деңгейінен жоғары тас қалуы талап етілетін беріктікке ие болмайтын температура;

$\lambda_a$  – жылуөткізгіштік коэффициенті;

$\rho$  – EN 772-13 сәйкес анықталатын құрғақ күйдегі құрылыс блоктарының көлемдік тығыздығы;

$a_1$  – қабырғаның шетінен тіректің ең жақын жиегіне дейінгі арақашықтық;

$a_x$  – тіректің жиегінен қарастырылып отырған қимаға дейінгі арақашықтық;

$A$  – қабырғаның көлденең қимасының жалпы ауданы;

$e_m$  – жүктемелер қосымшасының эксцентриситеті;

$M_{id}$  – қабырғаның жоғарғы бөлігіндегі немесе негізіндегі иілгіш моменттің есептік мәні;

$M_{md}$  – қабырға биіктігінің ортасындағы иілгіш моменттің есептік мәні;

$M_{Rd}$  – иілген кездегі қима беріктігі;

$N_{id}$  – қабырғаның жоғарғы бөлігіне немесе негізіне түсетін тік жүктеменің есептік мәні;

$N_{Rd}$  – бойлық күштің әсерінен қалаудан жасалған қабырға немесе бағананың есептік қимасының беріктігі;

$\Phi_{\infty}$  – тас қалауы үшін жылжу коэффициентінің шекті мәні;


$\rho_d$  – құрғақ күйдегі тығыздығы.

## **5 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **5.1 Өрттің есептік параметрлері**

5.1.1 Отқа төзімділікті есептеген кезде стандарты әдістермен салыстырғанда ойықтық, өрт жүктемесі шамасының және түрінің, бөлмелердің көлемінің және басқа да факторлардың өрттің температуралық тәртібіне әсерін дәл ескеруге мүмкіндік беретін нақты температуралық тәртібтерді қолдануға ұмтылу қажет.

5.1.2 Конструкцияда өрт жүктемесін анықтаған кезде өрттің келесі шектік күйлерін бөліп қарастыру қажет:  $t_{kr}(\theta)$  – эвакуация талап етілетін температураға жету уақыты,  $t_{kr}(N)$  – көтергіш қабілеті бойынша конструкцияның шекті күйіне жету уақыты (5.1-сурет).



**5.1-сурет – Өрттің шектік күйі:  $t_{kr}(\theta)$  – эвакуация талап етілетін температураға жету уақыты,  $t_{kr}(N)$  – көтергіш қабілеті бойынша конструкцияның шекті күйіне жету уақыты,  $\Phi_{\theta k}$  - конструкция температурасы [5]**

5.1.3 Өрттің өршуінің ең жоғарғы фазасындағы өрттің энергетикалық балансын Ваттпен өлшенетін келесі құраушылармен анықтау қажет (5.2-сурет):

$$Q_C = Q_L + Q_W + Q_R + Q_B, \quad (5.1)$$


мұндағы,  $Q_C$  – жану кезінде бөлінетін жылу ағыны;

$Q_L$  – салқын ауаны жылытуға жұмсалған жылу ағыны;


$Q_W$  – бөгеттерді (қабырғаларды, төбелерді) жылытуға кеткен жылу ағыны;

$Q_R$  – терезе ойықтары арқылы сәулелену арқылы сыртқа шығатын жылу ағыны (5.3-сурет);

$Q_B$  – уақыт бірлігінде жану өнімдерінде жинақталған жылу.



**5.2-сурет – Өрттің өршуінің ең жоғарғы фазасындағы бөлмедегі энергетикалық баланс [5]**



**5.3-сурет – Өрт кезінде қабырға қуыстары арқылы ауа ағындары қозғалыстарының бағыты [5]**

5.1.4 (5.1) Формуладағы  $Q_L$  мәнін формуладан анықтау қажет [15]:

$$Q_L = \frac{k c_p (\theta_g - \theta_0) A_h \sqrt{h}}{3600}, \quad (5.2)$$

мұндағы, 5.4-суретке сәйкес;

$\theta_g$  – бөлмедегі газдардың температурасы, °C;

$\theta_0$  – сыртқы ауаның температурасы, °C;

$A_h$  – қабырғадағы терезе ойықтарының ауданы, м<sup>2</sup>;

$h$  – терезе ойықтарының биіктігі, м;

$c_p$  – газдар жылуы, Дж/(кг · °C).


5.1.5 (5.1) Формуладағы  $Q_B$  мәнін формуладан анықтау қажет [15]:

$$Q_B = A_h (E_g - E_0), \quad (5.3)$$

мұнда  $A_h$  – терезе ойықтарының жалпы ауданы, м<sup>2</sup>;

$E_g = 5,77 (T_g/100)^4$ , Вт/м<sup>2</sup>;

$E_0 = 5,77 (T_0/100)^4$ , Вт/м<sup>2</sup>.



**5.4-сурет – Өрт кезінде терезе ойықтары арқылы ауаның жылуалмасуының параметрлері [15]**

5.1.6 (5.1) Формуладағы  $Q_C$  мәнін формуладан анықтау қажет [15]:

$$Q_c = \frac{RH_{ui}}{3600}, \quad (5.4)$$

мұндағы,  $R$  – жану жылдамдығы, кг/сағ;

$H_{ui}$  – тиімді жану жылуы, Дж/кг.

5.1.7 Тұрғын үй бөлмелері үшін (5.2) – (5.4) Формулаларда параметрлердің келесі мәндерін қолдануға болады [15]:

$m_0 = 6,3$  (кг/кг) - бөлінетін газдардың массасы;

$m_u = 5,2$  (кг/кг) - 1 кг ағашты жану үшін қажет ауа массасы;

$c_p = 1,2$  Дж/(кг · К) - жану өнімдерінің жылуы;

$H_{ui} = 18,8$  кДж/(кг · К) - тиімді жану жылуы;

$R = 330 A_h \sqrt{h}$  (кг/сағ) - жанудың орташа жылдамдығы;

$\mu = 0,7$  – әсер ету коэффициенті.

5.1.8 Өрт кезінде газды орталардың әрекетін модельдеу үшін аймақтық тәсілді қолдану қажет [1]. Бұл әдістің мәні бөлме көлемінде тән аймақтарды бөлу (жану ошағы үстіндегі жылытқыш бағана, қызып тұрған газдардың төбе жанындағы қабаты және ауаның салыстырмалы салқын төменгі қабаты), сонымен қатар осы аймақтарды өте кіші аймақтарға бөлуден тұрады. Бұл кезде әрбір бөлінген аймақтардағы орташа көлемдік температураның өзгерісі анықталады. Аймақтық модельдеу конструкцияларының көтергіш қабілетін және олардың бөлмедегі орташа көлемдік температураның әсеріне тәуелді емес, қарастырылатын аймақтардың орташа көлемдік температурасына тәуелді отқа төзімділігін есептеуге мүмкіндік береді.

5.1.9 Жергілікті өрттің температурасын есептеу үшін жуықтаған модельдерін қолдануға болады, оларға сәйкес жалын биіктігі формуладан анықталады [5]:

$$L_f = 1,02 \cdot D + 0,0148 \cdot Q^{0,4}, \quad (5.5)$$

мұндағы,  $Q$  – жылудың бөліну жылдамдығы;


$D$  – жалын диаметрі (5.5-сурет).

5.1.10 Егер жалын төбеге жетпесе, онда  $z$  биіктігі бойынша оның температурасын формула бойынша есептеуге болады [5]:

$$\Theta_z = 20 + 0,25 \cdot Q_c^{2/3} (z + 1,02 \cdot D + 0,0148 \cdot Q^{0,4}) < 900 \text{ } ^\circ\text{C}, \quad (5.6)$$

мұндағы,  $Q_c$  – жылу бөліну жылдамдығының жылытқыш бөлігі,

$H$  – от көзінен төбеге дейінгі арақашықтық.



5.5-сурет – ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес бөлмедегі жергілікті өрттің параметрлері

5.1.11 Егер жалын төбеге дейін жетсе (5.6-сурет), онда оның ауданының бірлігіне жылу ағыны  $g$  келесі мәндерге ие болады [5]:

- $y \leq 0,30$  кезінде,  $g = 100\,000 \text{ (Вт/м}^2\text{)}$ ;
- $0,30 < y < 1,0$  кезінде,  $g = 121\,000 y \text{ (Вт/м}^2\text{)}$ ;
- $y \geq 1,0$  кезінде,  $g = 15\,000 y^{-3,7} \text{ (Вт/м}^2\text{)}$ .

Мұнда  $y$  шамасы формула бойынша анықталады:

$$y = \frac{r + H + z'}{L_h + H + z'}, \quad (5.7)$$

мұндағы,  $r$  – жалын осі және жылуды анықтау орны арасындағы арақашықтық (5.6-сурет),

$H$  – от көзінен төбеге дейінгі арақашықтық;

$$z' = 2,4D \left( Q_D^{*\frac{2}{5}} - Q_D^{*\frac{2}{3}} \right), \quad Q_D^* < 1,0 \text{ үшін}, \quad (5.8)$$

$$z' = 2,4D \left( Q_D^{*\frac{2}{5}} - Q_D^{*\frac{2}{3}} \right), \quad Q_D^* \geq 1,0 \text{ үшін}, \quad (5.9)$$

мұндағы, жылу бөлінудің өлшемсіз жылдамдығы:


$$Q_D^* = \frac{Q}{1,11 \times 10^6 \cdot D^{2,5}}, \quad (5.10)$$

$L_h$  – келесі формуламен анықталатын, метрмен алынған жалынның көлденең ұзындығы:


$$L_h = \left[ 2,9H \left( \frac{Q}{1,11 \times 10^6 \cdot H^{2,5}} \right)^{0,33} \right] - H \quad (5.11)$$

5.1.12 Бөлме көлеміндегі температураның сандық мәндерін, сонымен қатар өрт ұзақтығын келесі факторларға: жанатын заттардың түрі және мөлшеріне, бөлмедегі өрт жүктемесінің орналасуына, бөлме көлемдеріне және конфигурациясына, қоршайтын конструкциялардағы қуыстардың өлшемдеріне және т.б. тәуелді анықтау қажет. Бұл бірдей өрт жүктемесі кезінде өрттің өршуінің әртүрлі нұсқалары мүмкін және әрбір нұсқаға өзіндік температура-уақыттық тәуелділік сәйкес келеді.

5.1.13 Тас қалауы, бетон және газ-бетоннан жасалған қоршайтын конструкциялары бар бөлмелердегі өрт температурасын 5.7-суреттегі графиктер бойынша өрт жүктемесі  $q$  және қабырғалардың ойықтық коэффициенті  $A\sqrt{h}/A_t$  негізінде анықтауға болады, мұндағы  $A_t$  – көлденең және тік қоршайтын конструкциялардың жалпы ауданы,  $A$  – терезе және есік ойықтарының жалпы ауданы,  $h$  – барлық қуыстардың орташа өлшенген мәні.




5.6-сурет – ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес көлденеңінен жалын ұзындығын анықтауға арналған өрттің геометриялық сызбасы



**5.7-сурет – Өрт жүктемесінің  $q$  (МДж/м<sup>2</sup>) және қабырғалардың ойықтық коэффициентінің  $A\sqrt{h}/A_t$  (м<sup>0,5</sup>) әртүрлі мәндеріндегі уақыттағы  $t$  (сағатпен) өрт температурасының  $T$  (°C) өзгерісі [15]**

5.1.14 Өрттің температуралық тәртібі және оның ұзақтығын қоршайтын конструкциялардағы қуыстардың санына тәуелділігі анықталады (5.8-сурет). Қуыстардың саны көп болған жағдайда өрттің өршуінің қысқа уақыт аралығында  $\tau_{1\max}$  бөлмедегі температура өзінің ең жоғарғы мәніне  $t_{1\max}$  жетеді. Бұл кезде сөну сатысында температураның төмендеуі үлкен жылдамдықпен  $\tau_{13}$  өтеді. Мұндай өрттің ұзақтығы  $\tau_1$  үлкен емес. Қоршайтын конструкциялардағы қуыстардың аз саны ең жоғары температураның  $t_{2\max}$  кіші мәнінде өрттің өршуі  $\tau_{2\max}$  және сөну  $\tau_{23}$  уақытын арттыруға себепші болады.






1 – қабырғалардағы үлкен ойықтығы, 2 – қабырғалардағы кіші ойықтығы.

**5.8-сурет – Бөлмедегі өрттің температуралық тәртіптері [1]**

5.1.15 Тас конструкцияларының отқа төзімділігін есептеген кезде стандарты әдістермен салыстырғанда ойықтығы, өрт жүктемесі шамасының және түрінің, бөлмелердің көлемінің және басқа да факторлардың өрттің температуралық тәртібіне әсерін дәл ескеруге мүмкіндік беретін нақты температуралық тәртібтерді қолдануға ұмтылу қажет (5.9-сурет).



1 – стандарты өрт, 2,3 – өрттің нақты тәртібтері

**5.9-сурет – Өрт кезінде конструкциялардың қызу қисықтары [1]**

( $t$  - температура,  $\tau$  – өрт уақыты)

5.1.16 Отқа төзімділік бойынша құрылыстық бұйымдардың класын анықтау үшін ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 келесі «уақыт  $t$  – температура  $\Theta$ » номиналды тәуелділіктер қолданылады (5.10-сурет):

- формуламен сипатталатын стандарты қисық  $N$  :

$$\Theta = 345 \log(8t + 1) + 20; \quad (5.12)$$

- формуламен сипатталатын сыртқы өрт қисығы  $E$  :

$$\Theta = 660 \cdot [1 - 0,687 \exp(-0,32t) \cdot 0,313 \exp(-3,8t)] + 20; \quad (5.13)$$


- формуламен сипатталатын көмірсутек қисығы  $H$ :

$$\Theta = 1080 \cdot [1 - 0,325 \exp(-0,167t) \cdot 0,675 \exp(-2,5t)] + 20; \quad (5.14)$$

- формуламен сипатталатын бықситын өрт қисығы  $S$ :

$$0 < t \leq 21 \quad \text{үшін} \quad \theta_g = 159t^{0,25} + 20, \quad (5.15)$$

$$t > 21 \quad \text{үшін} \quad \theta_g = 345 \log [8(t-20)+1] + 20. \quad (5.16)$$



**5.10-сурет – Өрттің өршуінің сценарийі ( $N$  – стандартты тәуелділік,  $E$  – сыртқы өрт,  $H$  – көмірсутекті тәуелділік,  $S$  – бықситын өрт) [5]**


5.1.17 Бөлмедегі ең жоғарғы температураны және өрттің ұзақтығын анықтайтын өрт жүктемесінің түрін және шамасын ғимараттың арналуына тәуелді есептеу қажет.

5.1.18 Өрт кезінде конструкциялардың зақымдану дәрежесін тек өрт температурасына ғана тәуелді емес, сондай-ақ оның өршу және сөну уақытына тәуелді анықтау қажет. Уақыт аралығы аз болған жағдайда құрылыстық конструкциялар оларға жеткен кезде өрт сөндіру нормаларының талаптарын қанағаттандыра алмайтын критикалық температуралардың мәндеріне жеткенге дейін әрқашан жанып үлгермейді. Өрттің сөнетін уақыт та құрылыстық конструкциялардың әрекетіне әсер етеді.

5.1.19 Ғимарат ішінде оттың және жанғыш газдардың таралуы негізінен қабаттар арасында нәтижесінде болады:


- жылуоқшаулау, тығыздау элементтерінің және т.б. тұтанып жануы (5.11-сурет);
- терезе және есік ойықтары арқылы жалын және жану өнімдерінің таралуы (5.12 а-сурет);
- қабырғалардағы толтырылмаған қуыстар (5.12 б-сурет) және қабырғалар мен аражабындар арасындағы түйістер арқылы жалын және жану өнімдерінің таралуы (5.12 в-сурет);
- төмен орналасқан қабаттағы өрттен жоғарғы қабат қабырғасының шамадан тыс қызуы (5.12 г-сурет).

5.1.20 Санитарлық-техникалық қораптарды эвакуациялық баспалдақтардан және дәліздерден бөлетін жағдайда ең жоғары ықтимал өрт жүктемесі қораптар ішінде тұтану болады (5.13 а-сурет). Мұндай қораптар қабырғалары бір жақты қызатын ретінде жобалануы тиіс. Егер санитарлық-техникалық қораптар пайдаланылатын бөлмелер шегінде орналасса, өрт қораптары қабырғаларына екі жағынан әсер ете алады (5.13 б-сурет).




1 – жанғыш материалдардан жасалған жылуұстағыш.

**5.11-сурет – Жанғыш материалдардан жасалған сыртқы қабырғалардың жылуоқшаулау қабаттары арқылы өрттің таралуы [5]**



1 - жалын, 2 – қабырғадағы тік қуыстар, 3 – терезе арқылы енетін жалын, 4 – ең жоғарғы температура аймағы.

**5.12-сурет – Қабаттар арасында таралу орындары: а - терезе ойықтары арқылы, б - қабырғалардағы ауа каналдары арқылы, в - қабырғалар мен аражабындар арасындағы түйістер арқылы, г - жоғары орналасқан қабырғалардың қатты қызуы салдарынан [5]**




1 – арақабырға, 2 – санитарлық-техникалық қораптар қоршауы, 3 – өрт.


**5.13-сурет – Санитарлық-техникалық қораптар арақабырғалары мен қоршауларына өрттің әсері [5]**

**5.2 Өрт жағдайларында тас конструкцияларына қойылатын талаптар**

5.2.1 Қазіргі заманғы құрылыс жағдайлары кезінде тас қалауларының ең жиі қолданылатын конструктивті шешімдері 5.14-суретте келтірілген. Жылу физикалық қасиеттері тұрғысынан еуропалық елдерде ең кең таралғандары екі қабатты да тас материалдардан жасалған екі қабатты қабырғалар болып табылады (5.15-сурет).



**5.14-сурет – Көбікбетонды блоктардан жасалған қабырғалардың көлденең қимасы: а – бір қабатты, б – сыртынан сыланған жылуұстағышы бар бір қабатты, в – сыртқы жылуұстағышы және желдетілетін қасбеті бар екі қабатты, г – ішкі жылуұстағышы бар екі қабатты [11]**




1 – ішкі көтергіш қабаты, 2 – алдыңғы кірпіш қабаты, 3 – көлденең анкерлі байланыстар, 4 – ауа қабатшасы, 5 – жылуұстағыш.

**5.15-сурет – Желдетілетін ауа қабатшасы бар (а), жылуұстағышы және ауа қабатшасы бар (б), ауа қабатшасы жоқ жылуұстағышы (в) екі қабатты қабырғалардың тік қимасы**

5.2.2 ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес отқа төзімділікті анықтаған кезде көтергіш емес және көтергіш, қоршайтын және қоршамайтын қабырғалар деп бөлу қажет. Қоршайтын қабырғалар өртке тек бір жағынан ұшырайды және бір бөлмеден басқасына (эвакуация жолдарын қоршайтын қабырғалар, өрт бөліктері қабырғаларын қоршайтын баспалдақ торларының қабырғалары) таралуының алдын алу үшін қолданылады. Қоршамайтын көтергіш қабырғалары өрттің әсеріне екі және одан да көп жағынан (өрт бөліктері ішіндегі қабырғалар) ұшырайды.

5.2.3 Өртке қарсы қабырғалар ішкі және сыртқы болуы мүмкін, бұл өрт қауіпі жоғары өндірістік ғимараттар үшін тән (5.16-сурет).



**5.16-сурет – Өндірістік ғимараттың ішкі (а) және сыртқы (б) өртке қарсы тас қабырғалары [11]**

5.2.4 Қоршайтын өртке қарсы қабырғалар REI немесе EI отқа төзімділік бойынша шекті күйге қосымша соққы жүктемесіне төзімділікке қойылатын талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

5.2.5 Көтергіш болып табылатын және шамамен бірдей жүктемені қабылдайтын екі тас қабаттары бар қабырғалардың отқа төзімділік шегін олардың арасында жанғыш материал болмаған жағдайда екі сыртқы қабаттардың қалыңдығының қосындысына тең эквивалентті бір қабатты қабырға үшін анықтаған сияқты анықтауға болады (5.17 а-сурет). Егер қабырғаның бір қабаты ғана көтергіш болса, онда оның отқа төзімділік шегі ереже бойынша ауа қабатшасы жоқ бір қабатты тіреу қабырғаның отқа төзімділік шегінен жоғары (5.17 б-сурет).

5.2.6 Екі тас көтергіш емес қабаттары бар қабырғалардың отқа төзімділік шегін (5.17 в-сурет) жеке қабаттардың отқа төзімділік шектерінің қосындысы ретінде анықтауға болады, 240 минуттан аспауы тиіс.

5.2.7 Анкерлік байланыстарсыз қабырғалар үшін (5.17 г-сурет) қабаттар арасындағы отқа төзімділік шегін бір қабатты көтергіш немесе көтергіш емес қабырғалар үшін сияқты анықтау қажет.

5.2.8 Тас қабырғалардың отқа төзімділік шегін гипсті құрғақ қоспалар негізіндегі немесе ҚР СТ EN 998-1 сәйкес LW немесе Т типті сылақ көмегімен арттыруға болады. Отқа төзімділік шегін анықтаған кезде қабырғаның ішінде жанғыш жұқа гидроокшаулағыш материалдардың болуын ескеруге болады.


5.2.9 Өртке қарсы тас конструкциялары өрттің регламенттелетін әсерінің нормаланған ұзақтығы ішінде өзінің қоршайтын қызметтерін сақтауы және келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс (5.18-сурет):

– көтергіш қабілетін және төзімділігін сақтау (ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес R жағдайы);

– тұтастығын сақтау, яғни қоршау олар арқылы жалын және жану өнімдері енуі мүмкін сызаттардың немесе саңылаулардың түзілуіне алып келетін өрт кезіндегі ішінара немесе толық деструкцияға ұшырамауы тиіс (ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес E жағдайы);


– өртке қарама-қарсы қоршайтын конструкция беті материалдардың тұтануы және конвективті жылуалмасу салдарынан температураның шамадан тыс өсуі болуы мүмкін температураға дейін қызбауы тиіс (ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес I жағдайы);

– соққы жүктемелеріне төзімділік қамтамасыз етілуі тиіс (ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес М жағдайы).



1 – анкерлік байланыстар және көлденең жікті арматуралау ; 2 – толтырылмаған немесе ішінара толтырылған ауа қабатшасы; 3 – қабаттар арасындағы анкерлік байланыстары жоқ қабырға.

**5.17-сурет – Қабатты қабырғалар: а - ауа қабатшасы бар көтергіш қабаттар, б - бір көтергіш қабат, в - ауа қабатшасы бар көтергіш емес қабырға, г - қабаттар арасындағы анкерлік байланыстары жоқ көтергіш немесе көтергіш емес қабырға [ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011]**



1 – өрт, 2 – арақабырғаның қарама-қарсы бетіндегі температура, 3 – конвективті сәулелену, 4 – саңылаулар арқылы жалын және жану өнімдерінің енуі.

**5.18-сурет – Қоршайтын конструкциялардың өртке қарсы қызметтері [5]**

5.2.10 Қабырғалардың қоршау қызметтерін, егер қыздырудың ең жоғарғы температурасында өртке қарама-қарсы беттің температурасы орта есеппен 140 К артық емес, ал өрттің сөну процесі кезінде 180 К артық емес жоғарласа, қамтамасыз етілді деп саналуға болады.

5.2.11 Негізгі қызметтерден басқа өрт кезінде сыртқы тас қабырғалар келесі қосымша талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- ғимаратта от пен түтіннің таралуын шектеуге тиіс;
- өрттің көршілес ғимараттарға таралуына жол бермеуге тиіс;
- қауіпсіз эвакуацияға және өрт есептеулері жұмыстарына кедергі жасамауы тиіс.

## 6 МАТЕРИАЛДАР

### 6.1 Тас элементтер

6.1.1 Тас конструкцияларын дайындау үшін тастар мен блоктардың келесі түрлерін қолдану қажет:

- ҚР СТ EN 771-1 сәйкес керамикалық кірпіш және блоктар;
- ҚР СТ EN 771-2 сәйкес силикаты кірпіш және блоктар;
- ҚР СТ EN 771-3 сәйкес тығыз және кеуекті толтырғыштары бар бетоннан жасалған блоктар;
- ҚР СТ EN 771-4 сәйкес ұяшықты бетоннан жасалған блоктар;
- ҚР СТ EN 771-5 сәйкес зауытта шығарылған бетонды блоктар;
- ҚР СТ EN 771-6 сәйкес табиғи тастан жасалған блоктар.

6.1.2 Қуыстардың көлеміне тәуелді тастар мен блоктарды (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.1.1(4)-т.) 1, 2, 3 және 4-топтарға жіктеледі (6.1-кесте). Ұяшықты бетоннан жасалған блоктар, бетонды блоктар және табиғи тастан жасалған блоктар 1-топқа жатады. Есептік параметрлерді анықтаған кезде өндіруші белгілейтін және ҚР СТ EN 772-1 бойынша есептелінетін тастарды және блоктарды қысуға келтірілген беріктікті (қалыпқа келтірілген)  $f_b$  қолдану қажет. Қайта есептеуді блоктар өлшемдерінің вариациясына тәуелді коэффициенті қолданумен жүргізеді.

#### 6.1-кесте – Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар

	Тас немесе блоктың материалы және жіктеу шектері				
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блоктың түрі	2-топ	3-топ	4-топ
			Тік қуыстардың көлемі		Көлденең қуыс- тардың көлемі
Қуыстардың жалпы көлемі (тас немесе блок көлеміне %)	≤ 25	Кірпіш	> 25; ≤ 55	≥ 25; ≤ 70	> 25; ≤ 70
		Силикатты блок	> 25; ≤ 55	Қолданылмайды	Қолданылмайды
		Бетон <sup>b)</sup>	> 25; ≤ 60	> 25; ≤ 70	> 25; ≤ 50



**6.1-кесте – Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар**  
(жалғасы)


	Тас немесе блоктың материалы және жіктеу шектері							
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блоктың түрі	2-топ		3-топ		4-топ	
			Тік қуыстардың көлемі				Көлденең қуыс- тардың көлемі	
Жеке қуыстардың көлемі (тас немесе блок көлеміне %)	≤ 12,5	Кірпіш	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 2; блоқты ұстауға арналған қуыстар 12,5 дейін		Қуыстардың әрқайсысы ≤2; блоқты ұстауға арналған қуыстар 12,5 дейін		Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30	
		Силикатты блок	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 15; блоқты ұстауға арналған қуыстар 30 дейін		Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон <sup>b)</sup>	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30; блоқты ұстауға арна- лған қуыстар 30 дейін		Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30; блоқты ұстауға арна- лған қуыстар 30 дейін		Қуыстардың әрқайсысы ≤ 25	
Сыртқы және ішкі қабырғалар қалыңдығының белгіленген мәні (мм)	Нормалан- байды		Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабыр- ға	Сыртқы қабырға
		Кірпіш	≥ 5	≥ 8	≥ 3	≥ 6	≥ 5	≥ 6
		Силикатты блок	≥ 5	≥ 10	Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон <sup>b)</sup>	≥ 15	≥ 18	≥ 15	≥ 15	≥ 20	≥ 20
Сыртқы және ішкі қабырғалардың жалпы қалыңдығының белгіленген мәні <sup>a)</sup> (блок еніне %)	Нормалан- байды	Кірпіш	≥ 16		≥ 12		≥ 12	
		Силикатты блок	≥ 20		Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон <sup>b)</sup>	≥ 18		≥ 15		≥45	
<sup>a)</sup> Қабырғалардың жалпы қалыңдығы көлденеңінен өлшенген және негізгі бағытта қосылған сыртқы және ішкі қабырғалардың қалыңдығы болып табылады.								
<sup>b)</sup> Қисайған қуыстарда немесе қимасы сопақша немесе дөңгелек пішімді қуыстар кезінде қабырғалар қалыңдығының орташа мәнін қолданады.								

6.1.3 Жоғары температуралар кезіндегі тас қалауының беріктік қасиеттерін сынақтар нәтижелері бойынша немесе деректер базасы бойынша белгіленген деформация диаграммалары бойынша анықтау қажет (6.5, 6.8, 6.11, 6.13-суреттер). Көрсетілген суреттерде кернеу  $k_{\sigma}$  (20°C температурадағы беріктікпен салыстырған кезде) және деформацияның  $\varepsilon$  салыстырмалы мәндері арасындағы тәуелділіктер келтірілген. Бұл тәуелділіктерді өрт жағдайларында тас конструкциялардың тіреу қабілетін есептеген кезде қолдану қажет. Мысалы, егер керамикалық тастардан жасалған тас қалауының сығу


беріктігі ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.2-т. сәйкес  $f_k = 9,2$  МПа құраса, онда  $T = 250$  °С температура кезінде 6.8-суретке сәйкес беріктік  $f_k k_\sigma = 9,1 \times 0,9 = 8,19$  МПа мәніне ие.

6.1.4 Статикалық есептеулерде қолданылатын тас қалауының температуралық деформациясын 6.4, 6.7, 6.9, 6.10, 6.12-суреттердегі графиктер бойынша анықтау қажет. Сонымен қатар көрсетілген графиктерді шамадан тыс температуралық деформациялар салдарынан конструкцияның бұзылуы, мысалы, төзімділікті жоғалту салдарынан болған жағдайда өрттің жанама әсерлерін анықтаған кезде қолдану қажет.


6.1.5 ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 сәйкес (D қосымшасы) жылу техникалық есептеулерде қолданылатын тас қалауының жылусыйымдылық коэффициентін  $c_a$ , жылуөткізгіштік коэффициентін  $\lambda_a$  және тығыздықты  $\rho$  температура шамасына тәуелді 6.1, 6.2, 6.3, 6.6-суреттердегі графиктер бойынша анықтау қажет. Жоқ мәндер ұлттық қосымшада келтірілуі мүмкін.




**6.1-сурет – Тығыздығы 900–1200 кг/м<sup>3</sup> керамикалық кірпіштердің жылу физикалық қасиеттерінің есептік мәндері ( $T$  – температура, °С;  $\lambda_a$  – жылуөткізгіштік коэффициенті;  $c_a$  – жылусыйымдылық коэффициенті;  $\rho$  – тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>; (1) - температураның  $T$  20 °С-ге қатынасы)**




**6.2-сурет – Тығыздығы 1600–2000 кг/м<sup>3</sup> силикатты құрылыс блоктарының жылу физикалық қасиеттерінің есептік мәндері ( $T$  - температура, °C;  $\lambda_a$  - жылуөткізгіштік коэффициенті;  $c_a$  - жылуsыйымдылық коэффициенті;  $\rho$  - тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>; (1) – температураның  $T$  20 °C-ге қатынасы)**




**6.3-сурет – Тығыздығы 600–1000 кг/м<sup>3</sup> кеукті толтырғыш құрылыс блоктарының жылу физикалық қасиеттерінің есептік мәндері ( $T$  - температура, °C;  $\lambda_a$  - жылуөткізгіштік коэффициенті;  $c_a$  - жылуsыйымдылық коэффициенті;  $\rho$  - тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>; (1) – температураның  $T$  20 °C-ге қатынасы)**




6.4-сурет – Тығыздығы 600–1000 кг/м<sup>3</sup> кеуекті толтырғыш құрылыс блоктарының температуралық деформациялары Δl [6]




6.5-сурет – Тығыздығы 600–1000 кг/м<sup>3</sup> кеуекті толтырғыш құрылыс блоктары үшін  $k_{\sigma} - \varepsilon$  тәуелділіктері [6]




**6.6-сурет – Тығыздығы 400–600 кг/м<sup>3</sup> автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктарының жылу физикалық қасиеттерінің есептік мәндері**  
**( $T$  - температура,  $^\circ\text{C}$ ;  $\lambda_a$  - жылуөткізгіштік коэффициенті;  $c_a$  - жылусыйымдылық коэффициенті;  $\rho$  - тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>; (1) – температураның  $T$   $20^\circ\text{C}$ -ге қатынасы)**




**6.7-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 12-20 Мпа және тас тығыздығы 900–1200 кг/м<sup>3</sup> құрылыстық керамикалық кірпіштердің температуралық деформациялары  $\Delta I$  [6]**




6.8-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 12-20 МПа және тас тығыздығы 900–1200 кг/м<sup>3</sup> құрылыстық керамикалық кірпіштер (1-топ) үшін  $k_\sigma - \varepsilon$  тәуелділіктері [6]




6.9-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 12-20 МПа және тас тығыздығы 900 – 1200 кг/м<sup>3</sup> құрылыстық керамикалық кірпіштердің құрылыстық керамикалық кірпіштердің (1-топ) температуралық деформациялары  $\varepsilon_T$




**6.10-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 12-20 МПа және тас тығыздығы 1600 – 2000 кг/м<sup>3</sup> силикатты құрылыс блоктарының (тұтас денелі) температуралық деформациялары  $\Delta l$  [6]**



**6.11-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 12-20 МПа және тас тығыздығы 1600 – 2000 кг/м<sup>3</sup> силикатты құрылыс блоктары (тұтас денелі) үшін  $k_\sigma - \varepsilon$  тәуелділіктері [6]**



6.12-сурет - Құрылыс блогының беріктігі 4–6 МПа және тығыздығы 600 - 1000 кг/м<sup>3</sup> кеуекті толтырғыштағы (пемза) құрылыс блоктарының температуралық деформациялары Δl [6]



6.13-сурет – Құрылыс блогының беріктігі 4–6 МПа және тығыздығы 600 - 1000 кг/м<sup>3</sup> кеуекті толтырғыштағы (пемза) құрылыс блоктары үшін  $k_{\sigma}$  –  $\varepsilon$  тәуелділіктері [6]



## 6.2 Қалау ерітінділері

6.2.1 Тас конструкцияларды тұрғызу үшін көлемдік массасы  $1500 \text{ кг/м}^3$  артық қарапайым ерітінділерді, көлемдік массасы  $1500 \text{ кг/м}^3$  кем жеңіл ерітінділерді және қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін жұқа жіктерге арналған желім ерітінділерді қолдану қажет. Зауытта дайындалған ерітінділер және зауытта дайындалған құрғақ ерітінді қоспалары ҚР СТ EN 998-2 сәйкес келуі тиіс. Құрылыс салу ерітінділері ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 сәйкес келуі тиіс.


6.2.2 Жалпы арнаудағы қалау ерітінділері ҚР СТ EN 998-2 сәйкес рецептура бойынша жазылған ерітінді немесе ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы мүмкін. Жұқа қабатпен төселетін ерітінділер және жеңіл ерітінділер ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы тиіс.

6.2.3 Қалау ерітіндісінің сығу беріктігі  $f_m$  ҚР СТ EN 1015-11 сәйкес анықталады. Арматураланған тас қалауы үшін ерітіндінің сығудағы ең төмен беріктігі 4 МПа және көлденең жіктері жанама арматураланған тас қалауы үшін 2 Мпа кем емес болуы тиіс.

6.2.4 Қалау ерітінділері беріктігі мен деформациясының температураға тәуелділігін 6.14-суреттегі графиктер бойынша анықтау қажет.

## 6.3 Тас қалау

6.3.1 Тас қалауының сығудағы нормативті кедергісі  $f_k$  EN 1052-1 сәйкес оны сынау нәтижелері бойынша немесе ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.1.2(2)-т. келтірілген келесі формулалар бойынша анықталады:



6.14-сурет – Температура артқан кезде құрылыс ерітіндісі үшін температуралық деформациялар  $\Delta l$  (а) және  $k_\sigma - \varepsilon$  (б) тәуелділіктері [6]

– қарапайым және жеңіл ерітіндіні қолданумен тас қалауы үшін:

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3}, \quad (6.1)$$

– қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданумен тас қалауы және 1 және 4-топтардың керамикалық кірпіші, силикатты блоктар немесе ұяшықты бетоннан жасалған блоктар үшін:

$$f_k = Kf_b^{0,85}, \quad (6.2)$$

– қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданумен тас қалауы және 1 және 4-топтардың керамикалық кірпіші, силикатты блоктар, бетонды блоктар немесе ұяшықты бетоннан жасалған блоктар үшін:

$$f_k = Kf_b^{0,7}, \quad (6.3)$$

мұндағы,  $f_b$  – тастың (блоқтың) сығуда келтірілген (қалыпқа келтірілген) кедергісі, МПа;

$f_m$  – қалау ерітіндісінің сығу беріктігі, МПа;

$K$  – келесі талаптарды орындаған жағдайда осы құралдың 6.2-кесте сі бойынша қолданылатын коэффициент:


- тас қалауы ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес орындалған;
- барлық жіктер ерітіндімен толық толтырылған ретінде саналады;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде  $f_b$  75 МПа аспауы тиіс;
- жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданған кезде  $f_b$  50 МПа аспауы тиіс;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде  $f_m$  20 МПа немесе  $2f_b$  аспауы тиіс;
- жеңіл ерітіндіні қолданған кезде  $f_m$  10 МПа аспауы тиіс;
- тас қалауынан жасалған қабырға қалыңдығы тастың немесе блоктың еніне немесе ұзындығына сәйкес келеді, яғни қабырғалардың параллель жазықтығында ерітінділі жігі болмайды;
- тас немесе блок беріктігі вариациясының коэффициенті 25 % аспайды.

6.3.2 Қабырғаның немесе оның бөліктерінің бүкіл ұзындығымен өтетін қабырға параллель жазықтығының ерітінді жіктері бар жалпы арнаудағы ерітіндідегі қабырғаның көп қатарлы тас қалауы үшін (қалыңдығы тас немесе блок өлшемінен үлкен) 6.2-кесте дегі  $K$  мәндерін 0,8 коэффициентіне көбейту қажет.

6.3.3 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес 20 °C температурадағы тас қалауының механикалық қасиеттерін қалыпты температура үшін сияқты қабылдау қажет. Қысқа уақытқа осьтік сығу кездегі тастардан және блоктардан жасалған қалаулардың барлық түрлерінің деформация диаграммалары 6.15-суретте келтірілген.

**6.2-кесте – Тас қалауына арналған  $K$  коэффициентінің мәндері  
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.1.2(2)-т.)**

Тас немесе блоктың түрі		Жалпы арнау- ды ерітінді	Жұқа қабатпен төселетін ерітінді (көлденең жіктің қалыңдығы 0,5 бастап 3 мм дейін)	Жеңіл ерітінді, құрғақ күйінде тығыздығы	
				$600 \leq \rho_d \leq 800 \text{ кг/м}^3$	$800 < \rho_d \leq 1500 \text{ кг/м}^3$
Кірпіш	1-топ	0,55	0,75	0,30	0,40
	2-топ	0,45	0,70	0,25	0,30
	3-топ	0,35	0,50	0,20	0,25
	4-топ	0,35	0,35	0,20	0,25
Силикатты блок	1-топ	0,55	0,80	*	*
	2-топ	0,45	0,65	*	*
Бетонды блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
	2-топ	0,45	0,65	0,45	0,45
	3-топ	0,40	0,50	*	*
	4-топ	0,35	*	*	*
Ұяшықты бетон- нан жасалған блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
Зауытта дайындал- ған бетонды блок	1-топ	0,45	0,75	*	*
Табиғи тастан жасалған блок	1-топ	0,45	*	*	*
* Мәндері жоқ, себебі тас (блок) пен ерітіндінің мұндай үйлесімі қолданылмайды.					



1 – іс жүзіндегі диаграмма, 2 – идеал диаграмма, 3 – есептік диаграмма.

**6.15-сурет – Осьтік қысқа уақытқа сығу кездегі тас қалауының деформация диаграммалары (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.1-т.)**

6.3.4 Арматураланбаған тас қалауының қысқа мерзімді серпімділік модулі  $E$  иілгіштік модулі болып табылады және сынақтар процесінде EN 1052-1 сәйкес анықталады. Жылжығыштық деформациясын ескере отырып, жүктеме ұзақ уақыт әсер еткен кездегі тас қалауының серпімділік модулі ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011(3.8) Формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{longterm}} = \frac{E}{1 + \Phi_{\infty}}, \quad (6.4)$$

мұндағы,  $\Phi_{\infty}$  – тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні.

6.3.5 Тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні  $\Phi_{\infty}$ , ұзақ уақыт ісіну немесе отыру деформациясы шамасының соңғы мәні, тас қалауының температуралық деформация коэффициенті  $\alpha$  сынақтар әдісімен анықталады. Көрсетілген деформациялар мәндерінің бағдарлаушы диапазондары 6.3-кесте де келтірілген. Олардың нақты сандық мәндері ұлттық қосымшада белгіленеді.

6.3.6 Тас қалауының ығысу модулінің  $G$  шамасын серпімділік модулі  $E$  мәнінің 40 % тең деп қабылдауға болады.

**6.3-кесте – Тас қалауының жылжығыштық, ісіну немесе отыру және температуралық деформация параметрлері (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.4-т.)**

Тас немесе блоктың түрі		Жылжығыштық коэффициентінің $\Phi_{\infty}$ шекті мәні	Ісіну және отырудың шекті мәні мм/м	Температуралық деформация коэффициенті $\alpha$ , $10^{-6}/K$
Кірпіш		0,5 -1,5	(–0,2)- (+1,0)	4 -8
Силикатты блок		1,0 -2,0	(–0,4)- (–0,1)	7 -11
Бетонды блоктар және зауытта шығарылған бетонды блоктар		1,0 -2,0	(–0,6)- (–0,1)	6 -12
Жеңіл бетоннан жасалған блоктар		1,0 - 3,0	(–1,0) -(–0,2)	6 - 12
Ұяшықты бетоннан жасалған блоктар		0,5 - 1,5	( –0,4) - (+0,2)	7 - 9
Табиғи тастан жасалған блоктар	Магмалық жыныстар	-	(–0,4) - (+0,7)	5 - 9
	Шөгінді жыныстар			2 - 7
	Метаморфиялық жыныстар			1 - 18

6.3.7 [2.3.(1)P] Өрт жағдайындағы тас қалауының беріктік және деформациялық сипаттамаларының есептік мәндерін формуладан анықтау қажет:

$$X_{d,fi} = k_{\Theta} X_k / \gamma_{M,fi}, \quad (6.5)$$

мұндағы,  $X_k$  – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес қалыпты температурадағы беріктік немесе деформациялық сипаттамалардың (мысалы,  $f_k$ ) нормативтік мәні;

$k_{\Theta}$  – материалдың температурасына тәуелді оның беріктік немесе деформациялық сипаттамаларын төмендету коэффициенті ( $X_{k,\Theta}/X_k$ );

$\gamma_{M,fi}$  – өрт кезінде материалдың тиісті сипаттамасы үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті.

6.3.8 [2.3.(2)P] Өрт жағдайындағы тас қалауының жылу техникалық сипаттамаларының есептік мәндерін формулалар бойынша анықтау қажет:

$$X_{d,fi} = X_{k,\Theta} / \gamma_{M,fi}, \quad (6.6)$$

егер  $X_{k,\Theta}$  сипаттамасының артуы конструкция қауіпсіздігі үшін жағымды болса;

$$X_{d,fi} = X_{k,\Theta} \cdot \gamma_{M,fi}, \quad (6.7)$$

егер  $X_{k,\Theta}$  сипаттамасының артуы конструкция қауіпсіздігі үшін жағымсыз болса.

Тас қалауының жылу техникалық және механикалық сипаттамалары үшін  $\gamma_{M,fi} = 1$ .

#### 6.4 Толтыруға арналған бетон

6.4.1 Тас қалауындағы қуыстарды толтыруға арналған бетон ҚР СТ EN 206-1 талаптарына сәйкес келуі және ҚР СТ EN 206-1 сәйкес 28 тәулік жаста цилиндрлерді немесе текшелерді орталық сығу беріктігі бойынша сынақтардың нәтижелері негізінде анықталатын осьтік сығудың нормативтік кедергісімен  $f_{ck}$  сипатталады. Толтыруға арналған бетон классы ҚР СТ EN 206-1 сәйкес C12/15 кем болмауы тиіс. Тәжірибелік деректер болмаған жағдайда осьтік сығудың нормативтік кедергісі  $f_{ck}$  және  $f_{cvk}$  толтыруға арналған бетон кесігінің мәндерін 6.4-кесте бойынша алуға болады.

**6.4-кесте – Толтыруға арналған бетоның нормативтік кедергілері  
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.3.3-т.)**

Бетонның беріктік класы	C12/15	C16/20	C20/25	C25/30 және одан жоғары
$f_{ck}$ МПа	12	16	20	25
$f_{cvk}$ МПа	0,27	0,33	0,39	0,45

6.4.2 Бетон қоспасының қолайлы төселуі аралық кеңістікті толық толтыруды қамтамасыз етуі тиіс. Ең кіші өлшемдері 85 мм кем қуыстарда S5 немесе S6 конустың отыруы бойынша кластарды қолдану қажет. Аққыш бетон қоспасын қолданған кезде бетонның отыруын азайтуға арналған шараларды қарастыру қажет. Бетондағы толтырғыш

микротүйіршіктерінің ең жоғары өлшемі 20 мм аспауы тиіс. Ең кіші өлшемі 100 мм аралық кеңістіктерді толтырған кезде немесе арматура бетонының қорғаныш қабатының қалыңдығы 25 мм кем болған кезде микротүйіршіктердің ең үлкен өлшемі 10 мм аспауы тиіс.

6.4.3 Жылулық ұлғаю және отырудан бетонның деформациясын бетон іші қуыс цилиндрлерді қыздыру нәтижесінде сынау арқылы анықтау қажет. Бетонның температуралық ұлғаю негізінен оның толтырғыштарының температуралық деформациясына тәуелді. Гранитті қиыршық тасты ауыр бетонның температуралық деформацияларының шамасы керамзит түріндегі толтырғыштардағы жеңіл бетонның температуралық деформацияларынан 2 есе үлкен.


## 6.5 Қосымша элементтер

6.5.1 Байланыстырушы элементтер ҚР СТ EN 845-1 талаптарына сәйкес жобалануы тиіс. Анкерлер, тегістеу, тіректер және консолдер ҚР СТ EN 845-1 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Құрама маңдайшалар ҚР СТ EN 845-2. талаптарына сәйкес келуі тиіс.

6.5.2 Арматура ретінде тегіс немесе периодтық пішінді пісірілген конструктивті немесе тоттанбайтын болатты қолдануға болады. Қалаудың көлденең жіктеріне арналған арматуралық торлар ҚР СТ EN 845-3 талаптарына сәйкес келуі тиіс. 6.16-суретте көлденең ерітінді жіктерін арматуралау үшін еуропалық тәжірибеде қолданылатын ең тиімді арматуралық бұйымдарды қолдануға болады. Соңғы уақытта композитті материалдардан жасалған торлар жиі қолданыла бастады (6.16 д-сурет). Дара шыбықтар түрінде арматуралау іс жүзінде қолданылмайды.


6.5.3 Жұмысшы сызбаларда арматуралық болатты ҚР СТ EN 10080 сәйкес, ал тоттанбайтын болатты және арнайы жабыны бар арматуралық шыбықтарды жеке көрсету қажет. Кернелетін арматураның нормативтік кедергісі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Болатты сызықты температуралық ұлғаю коэффициенті  $12 \times 10^{-6} K^{-1}$  тең деп алынады. Арматура және тас қалауы немесе бетонның температуралық деформацияларының мәндері арасындағы айырма әдетте ескерілмейді. Арматуралық болаттың сипаттамалары туралы толық ақпарат ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 келтірілген.

а)





в)


б)



г)



д)



**6.16-сурет – Көлденең ерітінді жіктеріне арналған арматуралардың түрлері:**  
**а – баспалдақ түріндегі дәнекерленген торлар, б – бойлық өзектері және диагональ**  
**элементтері бар дәнекерленген тор, в – бойлық өзектері және диагональ**  
**элементтері бар өрілген тор, г – електі тор, д – композитті материалдан жасалған**  
**тор [9]**

## 7 ТАС МАТЕРИАЛДАРДАН ЖАСАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ОТҚА ТӨЗІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ


### 7.1 Сынақ нәтижелері бойынша бағалау

7.1.1 Сынақ әдістерімен тас конструкциялардың отқа төзімділігін бағалауды бағалаудың басқа әдістері сенімді бағаны алуға мүмкіндік бермеген кезде жүзеге асыру қажет.

7.1.2 От сынақтары кезінде келесі стандарттарды қолдану қажет: ҚР СТ EN 1363 1 және 2-бөлімдері, EN 1364–1, EN 1365 1 және 4-бөлімдері. Бұл кезде өрт уақытында тас конструкциялардың әрекетін анықтайтын келесі факторларға назар аудару қажет:

- конструкцияны және оның элементтерін сыртқы күштік әсерлермен жүктеу дәрежесіне;
- өрттің температуралық тәртібін және жылуын анықтайтын өрт жүктемесінің түрі және шамасына;
- конструкцияда жылулық жүктеменің;
- тас қалауы және оның ілеспе материалдарының жылу физикалық және физика-механикалық сипаттамаларына;
- қыздыру жағдайлары мен конструкцияларды түйістіру тәсілдеріне;
- конструкция бетінің қолданылған әрлеуінің түрі және қасиеттері;
- конструкцияның көтергіш қабілетін қолдану коэффициенті.

7.1.3 Сынақтар тиісті сертификаттары бар аккредиттелген зертханаларда жүргізілуі тиіс. Сыналатын конструкцияда шекаралық жағдайлардың үлгісі жасалынуы тиіс: қабырғалар конструкцияларын тіреу және оны көршілес конструкциялармен түйіндестіру тәсілдері. Тас арақабырғалардың өрт кезінде соққы жүктемелеріне төзімділігін сынаудың мысалы 7.1-суретте келтірілген.



1 – от көзі бар өрт камерасы, 2 – күштік жарак, 3 – салмағы 200 кг қорғасын бөлшектері бар қап, 4 – сыналатын арақабырға.

#### 7.1-сурет – DIN 4102-3 сәйкес өрт жүктемесінің әсері кезінде соққыға тас қалауын сынау сызбасы [14]

7.1.4 Отқа төзімділікті сынау нәтижелерін түсіндіру 7.1.2-тармақта көрсетілген стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.



## 7.2 Кестелік ақпарат негізінде бағалау

7.2.1 Кестелік ақпарат негізінде бағалау отқа төзімділіктің талап етілетін шегіне жету үшін қажет тас қалауының минималды қалыңдығын анықтауға мүмкіндік береді.

7.2.2 Осы құралдың А қосымшасына келтірілген отқа төзімділік шегінің кестелік деректері келесі шекті жағдайлар үшін әртүрлі материалдардан жасалған тас қалауларын отқа төзімділікке сынау нәтижесінде алынды:

R – көтергіш конструкциялар үшін көтергіш қабілет бойынша;

EI – қоршайтын конструкциялар үшін тұтастық және жылу оқшаулау қабілеті бойынша;

REI – көтергіш және қоршайтын конструкциялар үшін көтергіш қабілеті, тұтастық және жылу оқшаулау қабілеті бойынша;

REI-M – көтергіш және қоршайтын конструкциялар үшін көтергіш қабілеті; тұтастық, жылу оқшаулау қабілеті және соққы жүктемесіне төзімділік бойынша;

EI-M – қоршайтын конструкциялар үшін тұтастық, жылу оқшаулау және соққы қабілеті бойынша.

7.2.3 Осы құралдың А қосымшасын келтірілген кестелер ең жиі қолданылатын тастардан жасалған тас қалауына қатысты:

- құрылыстық керамикалық кірпіш (6.1-кесте );
- құрылыстық силикатты блоктар (6.2-кесте );
- тығыз және кеуекті толтырғыштардағы бетоннан жасалған құрылыс блоктары (6.3-кесте );
- автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктары (6.4-кесте );
- құрылыстық бетон блоктар (7.1-кесте );
- қарастырып отырған қабырғалар ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011; ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 және ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

## 7.3 Жеңілдетілген есептеу

7.3.1 Есептеудің жеңілдетілген әдісінде өрттің белгілі бір уақытында көтергіш қабілетті жоғалту бойынша отқа төзімділіктің шегін қалыпты температура кезіндегі жүктемені қолданумен тас қалауының қалдық көлденең қимасы үшін анықтау қажет. Қалдық көлденең қима өрт болмаған кезде оның тіреу қабілетін шектейтін конструкцияның есептік қимасымен сәйкес келуі тиіс.

7.3.2 [C.2(2)] Отқа төзімділік шегін келесі шартпен анықтау қажет:

$$N_{Ed} \leq N_{Rd,fi,\Theta 2} \quad (7.1)$$

мұндағы,  $N_{Ed}$  – қабырғаға немесе бағанаға әсер ететін тік жүктеменің есептік мәні;

$N_{Rd,fi,\Theta 2}$  – өрт кезіндегі конструкцияның көтергіш қабілетінің есептік мәні.

7.3.2 [2.4.2(3)] Тік жүктеменің есептік мәнін ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес үйлесу коэффициенттерін  $\psi_{1,1}$  немесе  $\psi_{2,1}$  қолданумен анықтау қажет.  $\psi_{2,1}$

коэффициентінің  $N_{Ed}$  әсерін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес (7.2) Формула бойынша немесе 7.2-суреттегі графиктік тәуелділік бойынша есептелетін өрт кезіндегі есептік жүктеменің азаятын коэффициентінің  $\eta_{fi}$  көмегімен анықтауға болады:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} Q_{k,1}}{\gamma_G G_k + \gamma_{Q,1} Q_{k,1}}, \quad (7.2)$$

мұндағы,  $Q_{k,1}$  – басым айнымалы әсер;


$G_k$  – тұрақты әсердің нормативтік мәні;

$\gamma_G$  – тұрақты әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{Q,1}$  – басым айнымалы әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\psi_{fi}$  –  $\psi_{1,1}$  немесе  $\psi_{2,1}$  ретінде берілген жиі немесе тұрақты дерлік мәндері үшін үйлесу коэффициенті.

$\xi$  – тұрақты қолайсыз әсер  $G$  үшін төмендеу коэффициенті.



**7.2-сурет –  $Q_{k,1}/G_k$  қатынасына өрт кезіндегі есептік жүктеменің төмендеу коэффициентінің  $\eta_{fi}$  тәуелділігі [ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011, 2.4.2(3)-т.]**

7.3.3 [С.2(30)] Өрт кезіндегі тас конструкцияларының көтергіш қабілетінің есептік мәнін формуладан анықтау қажет (7.3-сурет):

$$N_{Rd,fi(\Theta_d)} = \Phi \cdot (f_{d,\Theta_1} A_{\Theta_1} + f_{d,\Theta_2} A_{\Theta_2}), \quad (7.3)$$

мұндағы,  $A_{\Theta_1}$  – изотермаға  $\Theta_1$  дейінгі тас қалауының ауданы;

$A_{\Theta_2}$  –  $\Theta_1$  және  $\Theta_2$  изотермалар арасындағы тас қалауының ауданы;

$\Theta_1$  – оған дейін тас қалауының беріктігі пайдаланудың қалыпты жағдайларындағы сияқты анықталатын температура;

$\Theta_2$  – одан жоғары қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын температура;

$f_{d,\Theta_1}$  –  $\Theta_1$  дейін қоса алғандағы температурада тас қалауын есептік сығу беріктігі;

$f_{d,\Theta_2} - \Theta_1$  және  $\Theta_2$  изотермалар арасындағы тас қалаудың есептік сығу беріктігін формуладан анықтаймыз:

$$f_{d,\Theta_2} = c f_{d,\Theta_1}, \quad (7.4)$$

$c$  – тәжірибелік  $\sigma - \varepsilon$  тәуелділігінен алынатын константа, қалаулардың әртүрлі материалдары үшін оның мәндері 7.1-кесте де келтірілген;

$\Phi$  – эксцентриситетті  $e_{\Delta\Theta}$  ескере отырып, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 6.1.2.2 бойынша анықталатын қабырғаның ортасындағы көтергіш қабілеттің азаю коэффициенті, конструкцияны бар жағынан біркелкі қыздырған кезде 0 тең, ал біркелкі емес қыздырған кезде формула бойынша анықталады:


$$e_{\Delta\Theta} = \frac{1}{8} \cdot h_{ef}^2 \cdot \frac{\alpha_t \cdot (\Theta_2 - 20)}{t_{Fr}} \leq h_{ef} / 20, \quad (7.5)$$

мұндағы,  $h_{ef}$  – қабырғаның тиімді биіктігі;

$\alpha_t$  – тас қалауының жылулық ұлғаю коэффициенті;

20 °С – жылытылмайтын беттегі есептік температура;

$t_{Fr}$  – көлденең қима қалыңдығы, мұндағы, температура  $\Theta_2$  аспайды (7.3-сурет).




1 – температураны бөлу; 2 –  $(A_{\Theta_1} + A_{\Theta_2})$  кезінде бастапқы көтергіш қабілеті бар көлденең қиманың қалдық ауданы; 3 – өрт.

### 7.3-сурет – Өрт кезінде тас қалауы қалыңдығы бойынша температураның бөліну сипаты [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, С.2(4) т.]

7.3.4 Қыздыру жағдайларына тәуелді бөлу қажет:

- бір жақты қыздыру, оған қабырғалар, арақабырғалар, сонымен қатар аражабындар және жабындардың жазық конструкциялары ұшырайды (7.3-сурет);
- үш жақты қыздыру, оған соңғы қатардың бағаналары ұшырайды;
- төрт жақты қыздыру, оған ортаңғы қатар бағаналары ұшырайды (7.4-сурет).



1 – бағананың нақты қимасы, 2 –  $\Theta = \Theta_2$  кезіндегі изотерма, 3 –  $\Theta = \Theta_1$  кезіндегі изотерма.

**7.4-сурет –  $\Theta < \Theta_1$ ,  $\Theta_1 < \Theta < \Theta_2$  және  $\Theta > \Theta_2$  кезіндегі тас бағана қимасының ауданын анықтау [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, С.2(4) т.]**

**7.1-кесте – Тас қалауының материалына тәуелді константалар  $c$  және температуралар  $\Theta_1$  және  $\Theta_2$  мәндері [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 С.2(4) т.]**

Тас және құрылыс ерітінділерінің түрлері	Константа-лар мәні $c$	Температура, °C	
		$\Theta_2$	$\Theta_1$
Жалпы арнаудағы құрылыс ерітіндісі бар құрылыстық керамикалық кірпіштер	$c_{c1}$	600	100
Жұқа қабатты құрылыс ерітіндісі бар силикатты құрылыс блоктары	$c_{cs}$	500	100
Жалпы арнаудағы құрылыс ерітіндісі бар кеуекті толтырғыштағы (пемза) бетоннан жасалған құрылыс блоктары	$c_{1a}$	400	100
Жалпы арнаудағы құрылыс ерітіндісі бар тығыз толтырғыштағы бетоннан жасалған құрылыс блоктары	$c_{da}$	500	100
Жұқа қабатты құрылыс ерітіндісі бар автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктары	$c_{aac}$	700	200

7.3.5 Тас қалауы қимасында температураның бөлінуін және одан жоғары болғанда тас қалауы жарамсыз болатын температураларды сынақтар нәтижелері бойынша немесе сынақ нәтижелеріне негізделген деректер базасы бойынша анықтау қажет және өрттің әсер уақытына тәуелді болуы тиіс.

7.3.6 [С.2(4)] Сынақ нәтижелері немесе деректер базасы болмаған жағдайда 7.5-7.11-суреттерде келтірілген графикалық тәуелділіктерді қолдану қажет, мұнда келесі белгілеулер қолданылады:

$t-30$  – шекті күйі өрттің 30 минутынан кейін болатын қабырға қалыңдығы;


$t-90$  – шекті күйі өрттің 90 минутынан кейін болатын қабырға қалыңдығы;

$\Theta_2$  – одан жоғары қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын температура;

$T$  – температура, °C;


$t$  – тас қалауының қалыңдығы, мм;

(3) – уақытты тиісті мәніндегі қабырғаның қалдық қимасы, мысалы, 120 минутта 120 мм немесе 240 минутта 240 мм.




**7.5-сурет – Тығыздығы 1000 – 2000 кг/м<sup>3</sup> құрылыстық керамикалық кірпіштен жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі**


7.3.7 7.5-7.11-суреттерде келтірілген өрттің әртүрлі ұзақтығы кезіндегі тас конструкциялардың қимасы бойынша температура бөлінуінің графикалық тәуелділіктерін ең бірінші олардың көтергіш қабілетін анықтау үшін қолдану қажет (осы құралдың 9.8 және 9.9 Мысалдарын қараңыз). Сонымен қатар оларды кері тапсырманы шешу үшін қолдануға болады: берілген пайдалану жүктемесінде тиісті тас конструкциясының көтергіш қабілеті  $R$  бойынша отқа төзімділік шегін анықтау. Мұндай тапсырманың шешуін итерациялық жолмен жүзеге асыру қажет.




7.6 -сурет – Тығыздығы 1500 – 2000 кг/м<sup>3</sup> құрылыстық силикатты кірпіштен жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі




7.7-сурет – Тығыздығы 600 – 1000 кг/м<sup>3</sup> кеуекті толтырғыштағы құрылыстық бетон блоктардан жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі




**7.8-сурет – Тығыздығы 1500 – 2000 кг/м<sup>3</sup> тығыз толтырғыштағы құрылыстық бетон блоктардан жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі**



**7.9-сурет – Тығыздығы 400 кг/м<sup>3</sup> автоклавты ұяшықты бетонды құрылыс блоктарынан жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі**



7.10-сурет – Тығыздығы  $500 \text{ кг/м}^3$  автоклавты ұяшықты бетонды құрылыс блоктарынан жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі



7.11-сурет – Тығыздығы  $600 \text{ кг/м}^3$  автоклавты ұяшықты бетонды құрылыс блоктарынан жасалған қалау қалыңдығы  $t$  бойынша температураның бөлінуі



## 7.4 Есептеудің жалпы әдісі

7.4.1 Жалпы әдіс өрт әсері кезінде конструкцияның күтілетін әрекетін сипаттауы тиіс. Оның негізі ол аяқталған кезде өрт кезінде жоғары температуралық әсер жағдайларында шекті жағдайлардың бірі болатын уақытты анықтау.

7.4.2 Бір уақытта көтергіш және қоршайтын қызметтерді орындайтын тас конструкциялар үшін өрт басталғаннан көтергіш және жылу оқшаулау қабілеті бойынша шекті жағдай басталған дейінгі уақытты анықтау, ал отқа төзімділік шегі ретінде алынған мәндердің минималды мәнін қабылдау қажет.

7.4.3 Көтергіш қабілеті бойынша шекті жағдай басталу жағдайларынан отқа төзімділік шегін анықтау үшін есептеудің статикалық (беріктік) бөлігін орындау қажет. Статикалық есептеуді құрылыс механикасының жалпыға белгілі қағидалары мен рұқсаттарын қолданумен орындау қажет. Осы бөлімнен өрт кезінде қызатын көтергіш қабілетті жоғары температураларда материалдардың беріктік және деформациялық қасиеттерін ескере отырып анықтау қажет (6.1-6.13-суреттер).

7.4.4 Көтергіш конструкциялардың есептеулерінде төзімділікті жоғалту, сонымен қатар түйіндес конструкциялармен бірлесе жұмыс істеуіне әсер ететін температуралық деформацияларды шектеу мүмкіндігін ескеру қажет. Конструкцияның көтергіш қабілетін жоғалтуы бойынша оның отқа төзімділік шегін есептеудің графиктік сызбасы 7.12-суретте келтірілген. Абцисса осіне конструкцияны қыздыру уақыты  $\tau$ , ал ордината осіне конструкцияның көтергіш қабілеті  $N_{Rd,fi,\Theta 2}$  және әсер ететін ішкі күштердің  $N_{Ed}$  шамасы салынады.


7.4.5 Графикті тұрғызу үшін 7.12-суретте есептеудің келесі тәртібін орындау қажет:

- конструкцияны қыздырудың жеке кезеңдерін  $\tau_1 \dots \tau_i$  беру;
- уақыттың берілген кезеңі үшін жылу техникалық есептеумен конструкция қимасының температурасын анықтау;
- осы уақыт аралықтары үшін статикалық есептеумен материалдың механикалық қасиеттерінің өзгерісін ескере отырып, конструкцияның көтергіш қабілетін  $N_{Rd,fi,\Theta 2}$  анықтау;
- конструкцияның көтергіш қабілетінің уақытқа тәуелді  $N_{Rd,fi,\Theta 2} - \tau$  төмендеу графигін тұрғызу;
- график бойынша отқа төзімділік шегі мәнін, яғни оған жеткен кезде конструкцияның көтергіш қабілеті нормативтік жүктемеден ішкі күш  $N_{Ed}$  шамасына дейін төмендейтін уақытты анықтау.

7.4.6 Отқа төзімділік шегін есептеуді келесі рұқсаттарды ескере отырып, орындауға болады:

- жеке алынған конструкция немесе басқа конструкциялармен байланысын ескермей, конструктивті элемент есептеледі, яғни олардың ғимараттағы бірлескен жұмысы ескерілмейді;
- орташа көлемдік температураның уақытқа тәуелділігі түрінде келтірілген температуралық тәртібінің әрекеті жағдайларында конструктивті элементтер бүкіл ұзындығы және биіктігі бойынша бірдей қызады;
- конструкцияның шеткі бөліктері бойынша жылудың жылыстауы ескерілмейді;


- конструкциядағы оның біркелкі емес қызуы және материалдың иілгіш-пластикалық қасиеттерінің өзгерістері нәтижесінде пайда болатын температуралық кернеулер ескерілмейді.



**7.12-сурет – Конструкцияның көтергіш қабілетін жоғалтуы бойынша конструкцияның отқа төзімділік шегін анықтаудың графиктік сызбасы [1]**

7.4.7 Есептің жылу техникалық бөлігінде конструкцияға өрттің температуралық тәртібі әсер еткен кезде конструкцияның есептік қимасындағы температуралық өрістерін анықтау қажет. Бағаналарды, аркаларды есептеу үшін екі өлшемді температуралық өрісті, жазық тік конструкциялар (қабырғалар, арақабырғалар) үшін бір өлшемді өрісті қолдануға болады. Конструкцияға қыздырылатын ортаның уақыт бойынша өзгеретін температурасымен әсер еткен кезде температуралық өріс те уақыт бойынша өзгеретіндігін ескеру қажет. Бұл кезде температураға тәуелді материалдардың жылу физикалық сипаттамаларының өзгерістерін ескере отырып, қатты дененің тұрақты емес жылуөткізгіштігінің теңдеуін қолдану қажет.

7.4.8 Жылу физикалық тапсырмаларды шешуді қол жетімді коммерциялық компьютерлік бағдарламалардың көмегімен сандық әдістермен орындаған орынды. Тас қабырғаларда температуралық өрістерді сандық анықтаудың мысалы 7.13-суретте келтірілген.



1 – тас қабырға, 2 – қабырғаның жылуұстағышы, 3 – аражабын темірбетон тақтаның қосымша жылуоқшаулауы.

**7.13-сурет – Жылу физикалық тапсырманы сандық әдіспен шешудің мысалы:**  
 а – аражабынмен түйісу аймағындағы қабырғаның тік қимасының үзіндісі,  
 б – ғимарат бұрышының көлденең қимасы, в – тік қимадағы температуралар өрісі,  
 г – ғимарат бұрышының көлденең қимасындағы температуралар өрісі

## 8 ОТҚА ТӨЗІМДІЛІКТІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ТАС КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ

8.1 Өртке қарсы қабырғалар үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- көлденең ерітінді жіктерімен арматураланған қабырғалар әрлеуі бар ретінде қарастырылады;
- биіктіктің көтергіш емес тас қабырғалар қалыңдығына қатынасы 40 кем, ал қарапайым және жеңіл құрылыс ерітінділеріндегі көтергіш қабырғаларда 27 кем және жұқа ерітінді жіктердегі қабырғаларда 30 кем болуы тиіс;
- қалыңдығы 2 мм артық, бірақ 5 мм кем бос тік жіктері бар тас қалауында кем дегенде қабырғаның бір жағында орналасқан сыланған қабаты болуы тиіс; егер қалау шпунтқа біріктірілетін бұдырлы қабырғалық тастардан жасалған болса, онда кестелерді

егер тік жіктердің қалыңдығы 5 мм аспаған жағдайда сыланған қабат болмаған кезде қолдануға болады.

8.2 Арматураланған, арматураланбаған бетон және тас конструкциялардан жасалған өртке қарсы қабырғалардың қосылыстарын толығымен құрылыс ерітіндісімен немесе бетонмен толтыру қажет.

8.3 Қабырғаларда, көтергіш емес қабырғаларда көлденең және көлбеу кертпелер және қуыстар өтетін орындарда қабырғаның қалдық қалыңдығы, соның ішінде отқа төзімділікті арттыру үшін қолданылатын сылақ мысалы ретінде беттің соңғы әрлеуі қабырғаның талап етілетін минималды қалыңдығынан  $5/6$  кем болмауы, бірақ 60 мм кем болмауы тиіс.

8.4 Көлденең және көлбеу кертпелер және қуыстар қабырғаның ортасынан екі жағына алынатын оның  $1/3$  биіктігі шектерінде орналаспауы тиіс. Көтергіш емес қабырғалардағы жеке кертпелер мен қуыстардың ені отқа төзімділікті арттыру үшін қолданылатын сылақ мысалы ретінде беттің соңғы әрлеуін қоса алғандағы қабырғаның екі еселенген минималды қалыңдығынан аспауы тиіс.

8.5 Көтергіш қабырғалардың сыртқы беттерінде ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 бойынша рұқсат етілетін қуыстар мен кертпелердің болуы осы құралдың қосымшасында көрсетілген отқа төзімділік шегін төмендетпеуі тиіс. Көтергіш емес қабырғаларда, тік және көлбеу кертпелер және қуыстар өтетін орындарда қабырғаның қалдық қалыңдығы, соның ішінде отқа төзімділікті арттыру үшін қолданылатын сылақ мысалы ретінде беттің соңғы әрлеуі қабырғаның талап етілетін минималды қалыңдығынан  $2/3$  кем болмауы, бірақ 60 мм кем болмауы тиіс.


8.6 Жанғыш материалдан жасалған кабельдер шоғырлары немесе жеке кабельдерді құрылыс ерітіндісі немесе жанғыш емес материалмен толтырылған қабырғалардағы саңылаулар арқылы өткізу қажет. Кері жағдайда оқшаулаудың термооқшаулау әдісін EN 1366-3 сәйкес жүргізілген сынақтар нәтижелері бойынша таңдау қажет.

8.7 Өртке қарсы қабырғаларды басқа конструкциялармен түйіндестіруді олардың отқа төзімділігі қабырғалардың отқа төзімділігінен төмен болмайтындай түрде жобалау қажет. Өртке қарсы қабырғаларды түйіспе конструкциялармен түйіндестіру мысалдары осы құралдың Б қосымшасында келтірілген.

## **9 ЕСЕПТЕУ МЫСАЛДАРЫ**

### **9.1 Өрт температурасын анықтау мысалы**

*Берілді:* бір терезесі және бір есігі бар тұрғын үй бөлмесіндегі өрте (9.1-сурет). Есептік өрт жүктемесінің шамасы  $q = 150 \text{ МДж/м}^2$ .



**9.1-сурет – Терезе және есік ойықтары өлшемдерімен тұрғын үй бөлмесі қабырғаларының жаймасы**

*Талап етіледі:* тұтану басталғаннан кейін жарты сағаттан кейін өрт температурасын анықтау.

*Шешуі:* Өрт температурасын осы құралдың 5.1.12-тармағындағы нұсқауларға сәйкес анықтаймыз.

Қабырғалар, еден және төбенің жалпы ауданын анықтаймыз:

$$A_t = 2 \times 5,0 \times 4,0 + 2 (5,0 + 4,0) 2,8 = 90,4 \text{ м}^2.$$

Ойықтардың жалпы ауданын анықтаймыз:

$$A = 1,8 \times 1,5 + 0,8 \times 2,0 = 4,3 \text{ м}^2.$$

Ойықтар биіктігінің орташа өлшенген мәні:

$$h = (2,7 \times 1,5 + 1,6 \times 2,0) / 4,3 = 1,69 \text{ м}.$$

Ойықтық коэффициенті:

$$A(h)^{0,5} / A_t = 4,3(1,69)^{0,5} / 90,4 = 0,062 \text{ м}^{0,5}.$$

Осы құралдың 5.7-суретіндегі графиктен  $A(h)^{0,5} / A_t = 0,06 \text{ м}^{0,5}$  және  $q = 150 \text{ МДж/м}^2$  үшін өрт температурасының мәнін  $T = 600 \text{ }^\circ\text{C}$  анықтаймыз.

## 9.2 Тас қалаудың жылу физикалық қасиеттерін анықтау мысалы

*Берілді:* Тығыздығы  $1200 \text{ кг/м}^3$  керамикалық тастардан жасалған қоршау қабырға.

*Талап етіледі:*  $700^\circ\text{C}$  температурада өрт жағдайларында тас қалауының жылуөткізгіштік және жылусыйымдылық коэффициенттерін анықтаймыз.

*Шешуі:* осы құралдың 6.1-суретіндегі графиктер бойынша  $700^\circ\text{C}$  температура үшін табамыз:

- қалаудың жылуөткізгіштік коэффициенті  $\lambda_a = 0,42 \times 1,1 \times (700/20) = 16,2 \text{ Вт/м К}$ ;
- қалаудың жылусыйымдылық коэффициенті  $c_a = 564 \times 4,0 \times (700/20) = 78960 \text{ Дж/кг}$ .

## 9.3 Қабырға қалыңдығы бойынша температураның бөлінуін есептеу мысалы


*Берілді:* тығыздығы  $\rho = 1800 \text{ кг/м}^3$  силикатты блоктардан жасалған қалыңдығы  $t = 300 \text{ мм}$  тұрғын үйдің қорғайтын көтергіш қабырғасы. Қабырға жұқа ерітінді жіктерден тұрғызылған және сыртынан қалыңдығы  $120 \text{ мм}$  минералды мақта тақталармен жылытылған.

*Талап етіледі:* шекті күйі өрттің  $180$  минутынан кейін болатын қабат қалыңдығын орнату максатында өрт уақытында қабырғаның бұрыштық аумағында температураның бөлінуін анықтау.

*Тапсырманың шешуі:* Осы құралдың 7.1-кесте сі бойынша одан жоғары болған кезде қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын температураның мәнін  $\Theta_2 = 500^\circ\text{C}$  анықтаймыз. Жылу техникалық есептеуді ABAQUS[16] бағдарламасы бойынша сандық әдіспен жүзеге асырамыз. Есептеулер үшін бастапқы деректер болып табылады:

- тапсырмада келтірілген қабырғаның геометриялық параметрлері;
- $q = 145 \text{ МДж/м}^2$  тең есептік өрт жүктемесі;
- осы құралдың 6.2-суретінен алынған силикаты құрылыс блоктарының жылу физикалық қасиеттерінің  $\lambda_a$  және  $c_a$  есептік мәндері.

Жылу физикалық есептеулер нәтижелері 9.2-суретте келтірілген, одан шығатыны қабырға  $\Theta_2 = 500^\circ\text{C}$  температураға дейін қызады, одан жоғары болған кезде тас қалауы оның ішкі бетінен  $70 \text{ мм}$  тереңдікте жұмысқа қабілеттілігін жоғалтады.



**9.2-сурет – Тұрғын үй бөлмесінде өрт болған кезде силикаты блоктардан жасалған қабырғалардың бұрыштық аймағындағы температуралық өрістің сандық жылу техникалық есептеуінің нәтижелері**

#### **9.4 Қабырғаның минималды қалыңдығын есептеу мысалы**

*Берілді:* беріктігі  $f_b = 25$  МПа 1-топтың керамикалық кірпішінен жасалған ішкі сыланбаған арақабырға. Арақабырғаны тұрғызған кезде жалпы арнаудағы жұқа қабатпен төселетін құрылыс ерітіндісі қолданылды.

*Талап етіледі:* кестелік ақпарат негізінде 90 минутқа тең отқа төзімділік шегі үшін көтергіш қабілеті R жағдайларынан қабырғаның минималды қалыңдығын анықтау.

*Шешуі:* осы құралдың А қосымшасының А.3-кесте сінен 1.1.1-жолдан 240 мм тең қабырғаның минималды қалыңдығын анықтаймыз.

#### **9.5 Отқа төзімділік шегі бойынша қабырғаны есептеу мысалы**

*Берілді:* қалыңдығы 100 мм 2-топтың силикаты құрылыс блоктарынан жасалған қоршамайтын көтергіш бір қабатты қабырға. Қабырға екі жағынан сыланған және жұқа ерітінді жіктермен тұрғызылған.

*Талап етіледі:* кестелік ақпаратты қолданып, R шекті жағдай бойынша қабырғаның отқа төзімділік шегін анықтау.

*Шешуі:* осы құралдың А қосымшасының А.9-кесте сінен қабырғаның отқа төзімділік шегі 90 минуттан артық емес құрайды.

### 9.6 Қабырғаның минималды ұзындығын есептеу мысалы

*Берілді:* жалпы арнаудағы құрылыс ерітіндісін қолданумен жұқа ерітінді жіктерімен тұрғызылған қалыңдығы 200 мм автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған 1-топтың құрылыс блоктарынан жасалған қоршамайтын көтергіш бір қабатты қабырға.

*Талап етіледі:* кестелік ақпаратты қолданып, R шекті жағдай бойынша отқа төзімділік шегі 120 минут қабырғаның минималды қалыңдығын анықтау.

*Шешуі:* осы құралдың А қосымшасының А.22-кесте сінен 1.1.9-жолдан қабырғаның минималды қалыңдығы 1000 мм құрайды.

### 9.7 Өрт кезінде қабырғаның қалдық қалыңдығын есептеу мысалы

*Берілді:* тығыздығы  $1800 \text{ кг/м}^3$  қалыңдығы 25 см керамикалық кірпіштен жасалған қоршайтын көтергіш бір қабатты қабырға. Қабырға әсер ету ұзақтығы өртті сөндіргенге дейін 100 минут құрайтын есептік өрт жүктемесінен оттың бір жақты әсерімен зақымдалған.

*Талап етіледі:* сығу кезде бастапқы көтергіш қабілетіне ие қабырғаның көлденең қимасының қалдық қалыңдығын анықтау.

*Шешуі:* қабырғаның қалдық қалыңдығын осы құралдың 7.3.6-тармағына сәйкес жеңілдетілген есептеу негізінде анықтаймыз. 7.5-суреттегі графиктерден тас қалауын қыздыру температурасы қалдық беріктігі жоқ қалауға қарағанда жоғары және  $\Theta_2 = 600^\circ\text{C}$  құрайды. Жоғарыда көрсетілген шектік температурадан  $\Theta_2$ , жоғары қыздырылған қабырға қалыңдығын 7.5-сурет бойынша анықтаймыз. Осы мақсатта интерполяция әдісімен ұзақтығы 90 және 120 минут өрт үшін 100 минут өрт ұзақтығын  $T = \Theta_2$  түзуде температуралардың бөліну қисықтары арасында табамыз.  $t$  көлденең осіндегі интерполяция нүктесіне  $t^* = 26$  мм тең қыздырылған қалау қалыңдығы сәйкес келеді. Қалдық қалыңдықты қалау қалыңдығы және  $t^*$  қалыңдық арасындағы айырма бойынша табамыз, яғни  $250 - 26 = 224$  мм.

### 9.8 Өрт кезінде мұнараның тіреу қабілетін төмендету дәрежесін есептеу мысалы

*Берілді:* 100 кН осьтік күшпен жүктелген, қимасының өлшемдері  $0,4 \times 0,4$  м биіктігі 2,7 м тас бағана. Керамикалық тастан жасалған қалаудың сығу кедергісі 2 МПа құрайды, ал серпімділік модулі 1200 МПа. Бағана ұзақтығы 90 минут өрттің жан-жақты әсеріне ұшырады.

*Талап етіледі:* ұзақтығы 90 минут өрт әсері кезінде бағананың көтергіш қабілетінің төмендеу дәрежесін анықтау.

*Тапсырма шешуі:* Бастапқыда ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.1-тармағының нұсқауларына сәйкес өрт болмаған кезде осьтік жүктеме әсерінен бағананың көтергіш



қабілетін анықтаймыз. Бағананың есептік сызбасын ұштарында орталықтан жүктелген топса тіректері ретінде қабылдаймыз. Тік жүктеме әсерінен эксцентриситет шамасын тең деп аламыз:

$$e_m = 0,05 t = 0,05 \times 0,4 = 0,02 \text{ м.}$$

Бағананың тиімді биіктігін анықтаймыз:

$$h_{\text{eff}} = \rho_n h = 1,0 \times 2,7 = 2,7 \text{ м.}$$

Бағананың иілгіштігі:

$$h_{\text{eff}}/t = 2,7/0,4 = 6,75 < 27.$$

Редукциялық коэффициенті анықтауға арналған параметрлерді есептейміз:

$$\begin{aligned} \lambda &= (h_{\text{eff}}/t) \cdot (f_k/E)^{0,5} = (2,7/0,4) \times (2/1200)^{0,5} = 0,17, \\ u &= (\lambda - 0,063)/(0,73 - 1,17 e_m/t) = (0,17 - 0,063)/(0,73 - 1,17 \times 0,02/0,4) = 0,165, \\ p &= u^2 = 0,165^2 = 0,027. \end{aligned}$$

Редукциялық коэффициент мәні:

$$\Psi_m = (1 - 2 e_m/t) e^{p/2} = (1 - 2 \times 0,02/0,4) \times 2,718^{0,027/2} = 0,88.$$

Бағананың есептік қимасының ауданы:

$$A = t^2 = 0,4 \times 0,4 = 0,16 \text{ м}^2.$$

Тас қалауының есептік сығу кедергісі:

$$f_d = f_k / \gamma_m = 2/2,5 = 0,8.$$

Бағананың сығуға есептік көтергіш қабілеті:

$$N_{Rd} = \Psi_m A f_d = 0,88 \times 0,16 \times 800 = 112,6 \text{ кН.}$$

Сыққан кездегі беріктік шартын тексереміз:

$$N_{Sd} / N_{Rd} = 100/112,6 = 0,89 < 1.$$

Беріктік шарты орындалады.

Есептеудің жеңілдетілген әдісін қолданып, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.1-тармағының нұсқауына сәйкес өрт әсері кезінде бағананың көтергіш қабілетін анықтаймыз. Осы мақсатта 7.5-суреттің графигі бойынша шекті жағдайы 90 минуттан кейін болатын бағананың сыртқы қабатының қалыңдығын табамыз. Ізделіп жатқан

қалыңдығы 25 мм құрайды. Бастапқы тіреу қабілеті бар бағананың көлденең қимасының қалдық өлшемдері  $t_0 = 400 - 2 \times 25 = 350$  мм-тең.

Бағана қимасының қалдық ауданы:

$$A = (t_0)^2 = 0,35 \times 0,35 = 0,1225 \text{ м}^2.$$

Бағананың иілгіштігі:

$$h_{\text{eff}}/t = 2,7/0,35 = 7,71 < 27.$$

Редукциялық коэффициенті анықтауға арналған параметрлерді есептейміз:

$$\begin{aligned} \lambda &= (h_{\text{eff}}/t)(f_k/E)^{0,5} = (2,7/0,35)(2/1200)^{0,5} = 0,19, \\ u &= (\lambda - 0,063)/(0,73 - 1,17 e_m/t) = (0,19 - 0,063)/(0,73 - 1,17 \times 0,02/0,35) = 0,19, \\ p &= u^2 = 0,19^2 = 0,036. \end{aligned}$$

Редукциялық коэффициент мәні:

$$\Psi_m = (1 - 2 e_m/t)e^{p/2} = (1 - 2 \times 0,02/0,35) \cdot 2,718^{0,036/2} = 0,9.$$

Бағананың сығудағы есептік көтергіш қабілеті:

$$N_{\text{Rd}} = \Psi_m A f_d = 0,9 \times 0,1225 \times 800 = 88,2 \text{ кН}.$$

Өрттің әсерінен бағананың көтергіш қабілеті  $112,6/88,2 = 1,28$  есе азайды. Бұл кезде беріктік шарты сыққан кезде  $N_{\text{Sd}}/N_{\text{Rd}} = 100/88,2 = 1,13 > 1$  орындалмайды.

### **9.9 Өрт кезінде қабырғаның көтергіш қабілетін анықтау мысалы**

*Берілді:* қалыңдығы 250 мм, биіктігі  $h = 3,0$  м және ұзындығы  $L = 5,0$  м 1-топтың керамикалық құрылыс блоктарынан жасалған қоршайтын көтергіш бір қабатты қабырға. Қабырға екі жағынан сыланған және жалпы арнаудағы ерітінді жіктерімен тұрғызылған. Көтергіш қабілеті R бойынша қабырғаның отқа төзімділік шегі 90 минутты құрайды. Пайдаланудың қалыпты жағдайларында қалаудың тән беріктігі  $f_k = 2,0$  МПа, ал серпімділік модулі  $E = 2000$  МПа-тең.

*Талап етіледі:* қабырға бір жағынан қызған кезде өрт уақытында орталық сығу кезде қабырғаның көтергіш қабілетін анықтау.

*Тапсырма шешуі:*

Қабырғаның көтергіш қабілетін  $N_{\text{Rd,fi0d}}$  осы құралдың (7.3) Формуласы бойынша анықтаймыз.

7.1-кесте ден жалпы арнаудағы құрылыс ерітінділері құрылыстың керамикалық тастар үшін табамыз:

$\Theta_1 = 100 \text{ }^{\circ}\text{C}$  – оған дейін тас қалауының беріктігі пайдаланудың қалыпты жағдайларындағы сияқты анықталатын температура;

$\Theta_2 = 600 \text{ }^{\circ}\text{C}$  – одан жоғары қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын температура.

7.3-суреттің графиктері бойынша  $\Theta_2 = 600 \text{ }^{\circ}\text{C}$  және  $t_{90}$  үшін қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын қабырға қалыңдығын  $t^* = 25 \text{ мм}$  табамыз.

Қалау жұмысқа қабілеттілігін жоғалтатын қабырғаның 1,0 қума метрі қимасының ауданы:

$$A_{\Theta_1} = 1,0 t^* = 1,0 \times 0,025 = 0,025 \text{ м}^2.$$

$\Theta_1$  және  $\Theta_2$  изотермалары арасындағы қабырғаның 1,0 қума метрі қимасының ауданы:

$$A_{\Theta_2} = 1,0 (t - t^*) = 1,0(0,25 - 0,025) = 0,225 \text{ м}^2.$$

Қалыпты температурада тас қалауының сығудағы есептік кедергісі:

$$f_d = f_k / \gamma_m = 2/2,5 = 0,8 \text{ МПа}.$$

$\Theta_2 = 600 \text{ }^{\circ}\text{C}$  температурада (7.4) Формула бойынша тас қалауының сығудағы есептік кедергісі:

$$f_{d,\Theta_2} = c f_{d,\Theta_1} = c f_d = 0,73 \times 0,8 = 0,584 \text{ МПа},$$

мұндағы  $c = k_{\sigma} = 0,73$ .

Осьтік жүктеме әсерінен кездейсоқ эксцентриситет:

$$e_m = 0,05 t = 0,05 \times 0,25 = 0,0125 \text{ м}.$$

Қабырғаның бірқалыпты емес қыздырумен туындаған эксцентриситетті (7.5) формула бойынша анықтаймыз:

$$e_{\Delta\Theta} = 3^2 \times 8 \times 10^{-6} (600 - 20) / (8 \times 0,225) = 0,0232 \text{ м}.$$

мұндағы  $h_{ef} = h = 3,0 \text{ м}$ ;

$\alpha_t = 8 \times 10^{-6}$  – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.4-тармағына сәйкес тас қалауының жылулық кеңею коэффициенті;

$$t_{Fr} = t - t^* = 0,25 - 0,025 = 0,225 \text{ м}.$$

Қабырғаның ортасында көтергіш қабілеттің азаю коэффициентін  $\Phi$  эксцентриситетті  $e_{\Delta\Theta}$  ескере отырып, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.1.2.2-тармағына сәйкес анықтаймыз:

$$e_{mk} = e_m + e_{\Delta\Theta} = 0,0125 + 0,0232 = 0,0357.$$


$e_{mk}/t = 0,0357/0,25 = 0,14$  және  $h_{ef}/t = 3,0/0,25 = 12$  үшін  
ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 G.1-суретінің графигіне сәйкес  $\Phi = 0,62$  табамыз.

Қабырғаның көтергіш қабілетін  $N_{Rd,fi\Theta d}$  (7.3). Формула бойынша анықтаймыз:

$$N_{Rd,fi\Theta d} = 0,62(0,8 \times 0,225 + 0,584 \times 0,025) \times 10^3 = 120 \text{ кН}.$$

### 9.10 Құрылыс блоктарынан жасалған арақабырғаларды жобалау мысалы


Жұқа ерітінді жіктердегі автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктардан жасалған көтермейтін арақабырғаны жобалау. Тән беріктігі  $f_b = 2,4$  МПа құрылыс блоктарының көлемдік салмағы  $\rho = 5,0$  кН/м<sup>3</sup> құрайды. Биіктігі  $h = 4,4$  м және ұзындығы  $L = 6,0$  м арақабырға өндірістік ғимарат қаңқасының толтырғышы болып табылады және өрттің әсеріне бір жағынан ұшырайды (9.3-сурет). Арақабырғаның талап етілетін отқа төзімділік шегі 240 минутты құрайды. Арақабырға пайдалану процесі кезінде еденнен 0,9 м қашықтықта әсер ететін 0,5 кН/м бүйірлік қысымда болуы мүмкін.



### 9.3-сурет – Жобаланатын арақабырға конструкциясы

Тапсырма шешуі:

Отқа төзімділіктің берілген шегі үшін осы құралдың А.19-кесте сі бойынша сылақсыз арақабырғаның қалыңдығын  $t = 200$  мм тең деп аламыз. Өз салмағынан және көлденең жүктеме әсерінен арақабырғаның көтергіш қабілетін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормаларының нұсқауларына сәйкес анықтаймыз. Арақабырғаның есептік сызбасын 9.4-суретке сәйкес аламыз.  $h/t = 4,4/0,2 = 22$  және  $L/t = 6,0/0,2 = 30$  қатынастары шекаралық мәндерден аспайды.



**9.4-сурет -  $h/t$  және  $L/t$  қатынастардың шекаралық мәндері бар арақабырғаның есептік сызбасы**

Қалаудың сығу беріктігінің тән мәнін анықтаймыз:

$$f_k = K(f_b)^{0,85} = 0,75 \times 2,4^{0,85} = 1,6 \text{ МПа.}$$

Сығудағы есептік кедергісі:

$$f_d = f_k / \gamma_m = 1,6 / 1,7 = 0,9 \text{ МПа.}$$

Арақабырғаның 1,0 қума метр ұзындығына оның өз салмағынан тік есептік жүктеме:

$$G = \gamma_f p t h = 1,1 \times 5,0 \times 0,2 \times 4,4 \times 1,0 = 4,84 \text{ кН.}$$

Пайдалану әсерлерінен тік есептік жүктемені  $P = 0,1G = 0,48 \text{ кН}$  тең деп аламыз.

Қабырғаның тірек қимасындағы жалпы жүктеме құрайды:

$$N_{sd} = 4,84 + 0,48 = 5,32 \text{ кН.}$$

Кездейсоқ эксцентриситет:

$$e_a = h/300 = 4,4/300 = 0,015 \text{ м} > 0,01 \text{ м.}$$

Тік жүктемелер әсерінен эксцентриситет:

$$e_m = (G e_a + P \cdot 0,3) / (G + P) = (4,84 \times 0,015 + 0,48 \times 0,3) / (4,84 + 0,48) = 0,04 \text{ м.}$$

Арақабырғаның тиімді биіктігін анықтаймыз:

$$h_{\text{eff}} = \rho_h \rho_n h = 1,12 \times 1,0 \times 4,4 = 4,9 \text{ м.}$$

Арақабырғаның иілгіштігі:

$$h_{\text{eff}}/t = 4,9/0,2 = 24,5.$$

Редукциялық коэффициенті анықтауға арналған параметрлерді есептейміз:

$$\lambda = (h_{\text{eff}}/t)(1/\alpha_{c,\infty})^{0,5} = (4,9/0,2) \times (1/550)^{0,5} = 1,04,$$

мұндағы қалаудың серпімді сипаттамасы  $\alpha_{c,\infty} = 550$ .

$$u = (\lambda - 0,063)/(0,73 - 1,17 e_m/t) = (1,04 - 0,063)/(0,73 - 1,17 \times 0,04/0,2) = 1,97,$$

$$p = u^2 = 1,97^2 = 3,88.$$

Редукциялық коэффициент мәні:

$$\Psi_m = (1 - 2 e_m/t) e^{p/2} = (1 - 2 \times 0,04/0,2) \times 2,718^{3,88/2} = 0,09.$$

Арақабырғаның есептік қимасының ауданы:

$$A = 1,0 t = 1,0 \times 0,2 = 0,2 \text{ м}^2.$$

Арақабырғаның сығудағы есептік тіреу қабілеті:

$$N_{\text{Rd}} = \Psi_m A f_d = 0,09 \times 0,2 \times 900 = 16,2 \text{ кН.}$$

Сыққан кезде беріктік шартын тексереміз:

$$N_{\text{Sd}}/N_{\text{Rd}} = 5,32/16,2 = 0,33 < 1.$$

Беріктік шарты орындалады.

Эксплуатациялық тік жүктеменің орталықтан тыс әрекетінен иілгіш моментті анықтаймыз:

$$M_{\text{Sd1}} = 0,48 \times 1,0 \times 0,3 = 0,14 \text{ кН} \cdot \text{м.}$$

Арақабырғаның майысуға кедергі моменті оның жазығына перпендикуляр.

$$W = 1 \times t^2/6 = 1 \times 0,2^2/6 = 0,0067 \text{ м}^3.$$

Қалаудың жазығына перпендикуляр оның майысуға тән кедергісі байланған және байланбаған қималар бойынша  $f_{\text{xk1}} = 0,18 \text{ МПа}$  және  $f_{\text{xk2}} = 0,2 \text{ МПа}$  құрайды. Есептік кедергі

$$f_{xd1} = f_{xk1} / \gamma_m = 0,18 / 1,7 = 0,11 \text{ МПа},$$

$$f_{xd2} = f_{xk2} / \gamma_m = 0,2 / 1,7 = 0,12 \text{ МПа}.$$

Арақабырға жазығына перпендикуляр иген кезде қалаудың көтергіш қабілеті:

$$M_{Rd1} = W \cdot f_{xd1} = 0,0067 \times 110 = 0,74 \text{ кНм},$$

$$M_{Rd2} = W \cdot f_{xd2} = 0,0067 \times 120 = 0,8 \text{ кНм}.$$

Арақабырға жазығына перпендикуляр иген кезде беріктік шартын тексереміз:

$$M_{Sd1} / M_{Rd1} = 0,14 / 0,74 = 0,19 < 1.$$

Беріктік шарты орындалады.

Көлденең жүктеме әсерінен есептік иілгіш моментті анықтаймыз:

$$M_{Sd1} = 1,2 \times 0,5 \times 1,0 \times 0,9 = 0,54 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Арақабырға жазығына перпендикуляр иген кезде беріктік шартын тексереміз:

$$M_{Sd1} / M_{Rd1} = 0,54 / 0,74 = 0,73 < 1.$$

Беріктік шарты орындалады.

**А қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Тас қабырғалардың отқа төзімділік шегінің кестелік мәндері**

**А.1 Құрылыстық кірпіш блоктардан жасалған тас қалауы**

**А.1-кесте – Отқа төзімділік шектері бойынша жіктеу үшін тірмейтін қоршайтын қабырғаларға арналған (EI шекті жағдайлары) құрылыстық керамикалық кірпіштен жасалған тас қалауының минималды қалыңдығы**

Жол нөмірі	Материалдың қасиеті: көлемдік тығыздығы (брутто) $\rho$ , кг/м <sup>3</sup>	EI шекті жағдайлар бойынша отқа төзімділік шегін $t_{fi,d}$ , мин, анықтауға арналған қабырғаның минималды қалыңдығы $t_F$ , мм						
		30	45	60	90	120	180	240
1	<b>Құрылыс блоктарының 1S, 1, 2, 3 және 4 топтары</b>							
1.1	Құрылыс ерітіндісі: жалпы арнаудағы, жеңіл және жұқа қабатпен төселетін $500 \leq \rho \leq 2400$							
1.1.1		60/100	90/100	90/100	100/140	100/170	160/190	190/210
1.1.2		(50/70)	(50/70)	(60/70)	(70/100)	(90/140)	(110/140)	(170)

**А.2-кесте – Отқа төзімділік шектері бойынша жіктеу үшін көтергіш бір қабатты қоршайтын қабырғаларға арналған (REI шекті жағдайлары) құрылыстық керамикалық кірпіштен жасалған тас қалауының минималды қалыңдығы**

Жол нөмірі	Материалдың қасиеті: құрылыс блогының беріктігі $f_b$ , МПа, тығыздығы (брутто) $\rho$ , кг/м <sup>3</sup> , жалпы қалыңдығы $ct$ , қабырға қалыңдығынан %	REI шекті жағдайлар бойынша отқа төзімділік шегін $t_{fi,d}$ , мин, анықтауға арналған қабырғаның минималды қалыңдығы $t_F$ , мм						
		30	45	60	90	120	180	240
1S	<b>Құрылыс блоктарының 1S-тобы</b>							
1S.1	$5 \leq f_b \leq 75$ – жалпы арнаудағы құрылыс ерітіндісі $5 \leq f_b \leq 50$ – жұқа қабатпен төселетін құрылыс ерітіндісі $1000 \leq \rho \leq 2400$							
1S.1.1	$\alpha \leq 1,0$	90	90	90	100	100/140	170/190	170/190
1S.1.2		(70/90)	(70/90)	(70/90)	(70/90)	(90/140)	(110/140)	(170/190)
1S.1.3	$\alpha \leq 0,6$	90	90	90	100	100/140	170	170
1S.1.4		(70/90)	(70/90)	(70/90)	(70/90)	(100/140)	(110/140)	(140/170)
1	<b>Құрылыс блоктарының 1-тобы</b>							
1.2	$5 \leq f_b \leq 75$ $800 \leq \rho \leq 2400$							
1.2.1	$\alpha \leq 1,0$	90/100	90/100	90/100	100/170	140/170	170/190	190/210
1.2.2		(70/90)	(70/90)	(70/90)	(70/90)	(100/140)	(110/170)	(170/190)



**А.2-кесте – Отқа төзімділік шектері бойынша жіктеу үшін көтергіш бір қабатты қоршайтын қабырғаларға арналған (REI шекті жағдайлары) құрылыстық керамикалық кірпіштен жасалған тас қалауының минималды қалыңдығы (жалғасы)**

Жол нөмірі	Материалдың қасиеті: құрылыс блогының беріктігі $f_b$ , МПа, тығыздығы (брутто) $\rho$ , кг/м <sup>3</sup> , жалпы қалыңдығы $ct$ , қабырға қалыңдығынан %	REI шекті жағдайлар бойынша отқа төзімділік шегін $t_{fi,d}$ , мин, анықтауға арналған қабырғаның минималды қалыңдығы $t_F$ , мм						
		30	45	60	90	120	180	240
1.2.3	$\alpha \leq 0,6$	90/100	90/100	90/100	100/140	140/170	140/170	190/200
1.2.4		(70/90)	(70/90)	(70/90)	(70/90)	(100/140)	(110/170)	(170/190)
1.3	$5 \leq f_b \leq 25$ $500 \leq \rho \leq 800$							
1.3.1	$\alpha \leq 1,0$	1.3.1	$\alpha \leq 1,0$	1.3.1	$\alpha \leq 1,0$	1.3.1	$\alpha \leq 1,0$	1.3.1
1.3.2		1.3.2		1.3.2		1.3.2		1.3.2
1.3.3	$\alpha \leq 0,6$	1.3.3	$\alpha \leq 0,6$	1.3.3	$\alpha \leq 0,6$	1.3.3	$\alpha \leq 0,6$	1.3.3
1.3.4		1.3.4		1.3.4		1.3.4		1.3.4
2	<b>Құрылыс блоктарының 2-тобы</b>							
2.1	Құрылыс ерітіндісі: жалпы арнаудағы және жұқа қабатпен төселетін $5 \leq f_b \leq 35$ $800 \leq \rho \leq 2200$ $ct \geq 25$							
2.1.1	$\alpha \leq 1,0$	90/100	90/100	90/100	100/170	140/240	190/240	190/240
2.1.2		(90/100)	(90/100)	(90/100)	(100/140)	(140)	(190/240)	(190/240)
2.1.3	$\alpha \leq 0,6$	90/100	90/100	90/100	100/140	190/240	190/240	190/240
2.2	Құрылыс ерітіндісі: жалпы арнаудағы, жеңіл және жұқа қабатпен төселетін $5 \leq f_b \leq 25$ $700 \leq \rho \leq 800$ $ct \geq 25$							
2.2.1	$\alpha \leq 1,0$	–	–	–	–	–	–	–
2.2.2		(100)	(100)	(90/170)	(100/240)	(140/300)	(170/365)	–
2.2.3	$\alpha \leq 0,6$	–	–	–	–	–	–	–
2.2.4		(100)	(100)	(90/140)	(100/170)	(100/300)	(170/300)	(190/300)
2.3	Құрылыс ерітіндісі: жалпы арнаудағы, жеңіл және жұқа қабатпен төселетін $5 \leq f_b \leq 25$ $500 \leq \rho \leq 900$ $16 \leq ct < 25$							
2.3.1	$\alpha \leq 1,0$	–	–	–	–	–	–	–
2.3.2		(100)	(170)	(90/170)	(140/240)	(140/300)	(365)	–
